

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ТҮЗЕУ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ- ПРАКТИКАЛЫҚ
ОРТАЛЫҒЫ

МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ ЖАЗБАША СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ
БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН
ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУ-ӘДІСТЕМЕЛІК
НЕГІЗДЕРІ

Әдістемелік нұсқаулықтар

Алматы 2017

УДК 373
ББК 74.268.1
М 41

Түзеу педагогикасының Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының Ғылыми-әдістемелік кеңесімен мақұлданған және ұсынылған (25 қазан 2017, хаттама №15).

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің мектепке дейінгі және орта білім беру Департаментімен ұсынылған

Пікір бергендер:

Оразаева Г.С. – ҚазМемҚызПУ, п.ғ.к., доцент

Баймуратова А.Т.- ТП ҰҒПО, п.ғ.к.

Құрастырушылар:

Тулебиева Г.Н., Ибатова Г.Б., Нурсентова Ж.Ж., Өмірбек С.Ж.

М 41

Мектеп жасындағы жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін түзету жұмысының ұйымдастыру-әдістемелік негіздері: әдістемелік нұсқаулықтар/ Г.Н.Тулебиева, Г.Б.Ибатова, Ж.Ж.Нурсентова, С.Ж. Өмірбек. - Алматы: ТП ҰҒПО, 2017.- 51 б.

ISBN 978-601-332-023-6

Әдістемелік нұсқаулықтарда сөйлеу тілі бұзылған балаларды оқу мен жазуға үйретудің психологиялық-педагогикалық негіздері, жалпы білім беру мектеп оқушыларының жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарының ерекшеліктері, жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарын түзетудің логопедиялық технологиясы қарастырылған.

Әдістемелік нұсқаулық жалпы мектеп және арнайы білім беру ұйымдарының логопедтері мен тәрбиешілеріне, ата-аналарға, "Дефектология" мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттеріне арналған.

УДК 373
ББК 74.268.1

ISBN 978-601-332-023-6

© ТП ҰҒПО, 2017

© Тулебиева Г.Н., Ибатова Г.Б., т.б. 2017

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
Сөйлеу тілі бұзылған балаларды оқу мен жазуға үйретудің психологиялық-педагогикалық негіздері.....	5
Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар 2 сынып оқушыларымен жүргізілетін түзету жұмысы.....	13
Жалпы білім беру мектебінің 3 сынып оқушыларының жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарының ерекшеліктері.....	31
4 сынып оқушыларының жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстарын түзетудің логопедиялық технологиясы.....	39
ҚОРЫТЫНДЫ.....	50
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ.....	51

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің даму Концепциясы мен білім беру туралы заңын жүзеге асыру мақсатында білім беруге ерекше қажеттілігі бар балаларды оқытудың теориясы және практикасының ғылыми-әдістемелік аспектілерін дамытудың тиімді алғы шарттары жасалуда. Жалпы білім беру мектеп оқушыларының жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстары ерекше көңіл болуды талап ететін мәселесінің бірі.

Қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, жалпы білім беру деңгейіне қойылатын талаптарының жоғарлауы мектептегі үлгермеушілік мәселесінің шиеленесуіне ықпал етті. Ғалымдардың зерттеулері бойынша (Өмірбекова Қ.Қ., Величенкова О.А.) жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстары 10 – 20% оқушыларда үлгермеушіктің себептері болып табылады. Қазіргі таңда дисграфиясы бар оқушылардың саны өсуде.

Сондықтан, бүгінгі таңдағы педагогиканың өзекті мәселелерінің бірі қазақ тілінде оқитын оқушылардың жазуында кездесетін қателерді жан-жақты қарастыру және анықтау, жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар оқушыларымен жүргізілетін түзету жұмысын жетілдіру.

Ұсынылып отырған әдістемелік нұсқалықтар 2016-2018жж. арнайы білім беру саласындағы «Арнайы білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету» «Ғылыми дамыту» қолданбалы зерттеулер бағдарламасы шеңберінде әзірленген.

Нұсқаулықта ұсынылып отырған материалдар арнайы және жалпы білім беру ұйымдарының оқу-педагогикалық процессінде және ата-аналарға қолдануға болады.

СӨЙЛЕУ ТІЛІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРДЫ ОҚУ МЕН ЖАЗУҒА ҮЙРЕТУДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Тілдің мазмұнын, оның қызметтерін, құрылымы мен даму жолдарын түсіну маңызды тәжірибелік мәнге ие, себебі тіл жоғары психикалық функциялардың қалыптасуының міндетті шарты болып табылады. Бала дамуындағы кез-келген ақау оның айналасындағылармен өзара қарым-қатынасының сапасында, тіл мен сөйлеу тілінің қалыптасуында көрінеді, демек, оның әлеуметтенуіне айрықша әсер етеді. Соңғы жылдары бастауыш мектепте оқуда түрлі қиындықтары бар балалардың біршама өскенін атайды [1-5]. Бұл қиындықтарды туғызатын себептер көп мәнді. Сөз қарапайым, жалпы мектепте оқитын оқушылар жайлы. Алайда мұндай балаларға арнайы амалмен қарау, жоғары назар аудару, мұғалімдер, логопедтер мен ата-аналарының көмегі және уақытылы, жүйелі көмек болуы қажет. Сол және басқа мектеп пәнін меңгерудегі қиындықтар көбінесе мектептік дезадаптацияның, оқу мотивациясының кенеттен төмендеуінің, осыған байланысты мінез-құлқындағы ауытқулар себебі болып табылады. Олардың ішінде жиілігі бойынша, логопедтің арнайы түзету көмегін қажет ететін, оқу мен жазудың бұзылуы бірінші орында тұр. Логопедиялық көмекті іске асыру үшін сөйлеу тілінде бұзылысы бар тұлғалардың психологиялық ерекшеліктері жайлы білім қажет. Сөйлеу тілінде ақау болғанда бұзылыс оқушының психикасына әсер ететіні және өз кезегінде психика бұзылысқа әсер ететіндігі зерттеушілермен дәлелденген.

Сөйлеу тілі өз алдына күрделі психикалық әрекет болып табылады, қызметтік көзқарас тұрғысынан бұл тұтастай қызмет актісі, немесе сөйлеу тілінің сөйлеуге жатпайтын қызметін қосатын іс-әрекеттер түрінде көрінеді. Сөйлеу тілінің күрделі құрылымы бар, оған бағдар, жоспарлау («ішкі бағдармалау» түріндегі) іске асыру және бақылау кезеңдері кіреді.

Зерттеушілердің пікірі бойынша жазбаша сөйлеу тілін меңгеру үрдісін психикалық функциялардың дамуы реттейді. Жазбаша сөйлеу тілін қамтамасыз ететін психикалық процесстердің ішінде көптеген авторлар бір ауыздан зейін мен есте сақтауды бөліп көрсетеді.

Баланың барлық психикалық процесстері – есте сақтау, зейін, қиял, ойлау, мақсатқа бағытталған мінез-құлық сөйлеу тілінің тікелей қатысуымен дамиды.

Жазу мен оқуға үйретуде басқаның және өзінің сөйлеу тілінің негізін түсінуі ерекше мағынаға ие, яғни оның элементі мен заңдылықтары. Өзінің

сөйлеу тілінің мінез-құлқын, оның іс-әрекетін осылай түсінуі, яғни сөйлеу тілінің рефлексиясы, сөйлеу тілінің өз бетіншелігі жазбаша сөйлеу тілін үйретуге дайындаудың маңызды аспектілерінің бірін құрайды. Ауызша сөйлеудің саналы құрылуы мен өз бетіншелігі жазбаша сөйлеу тілінің психологиялық мінездемесі болып табылады. Сондықтан ауызша сөйлеу тілінің өз бетіншелігі мен рефлексиясының қалыптасуы келесіде жазбаша сөйлеу тілін меңгеруге негіз болады.

Жазбаша сөйлеуді вербальды деп атайды (сөздік) жазбаша мәтіндер арқылы қарым-қатынасқа түсу. Ол кейінге қалдырылған (мысалы, хат), және тікелей (отырыста жазбамен алмасу кезінде) болуы мүмкін. Жазбаша сөйлеудің ауызша сөйлеуден айырмашылығы тек графиканы қолдануда ғана емес, сонымен қатар грамматикалық (бәрінен бұрын синтаксистік) және стилистикалық қатынастарда – қалыпты жағдайда синтаксистік үйлестіру және арнайы функционалдық стильдерде байқалады. Оған өте күрделі композициялық-құрылымдық қасиеттер ұйымдастыру, сондай-ақ арнайы игеруге және ерекше міндет - мектепке дайындау, хат тануы. Хатты қабылдау ауызша сөйлеу тілін қабылдағаннан ерекшеленеді, өйткені мәтін бір уақытта немесе үлкен "кесектермен" қабылдануы мүмкін.

Жазбаша сөйлеу, ауызша сөйлеу базасында қалыптасады, және сөйлеудің дамуының неғұрлым жоғары кезеңін білдіреді. Жазбаша сөйлеудің күрделі шарттырефлекторлық байланыстары екінші сигналдық жүйенің (ауызша сөйлеудің) қалыптасып қойған байланыстарына қосылады, және оны дамытады [1,6,7].

Жазбаша сөйлеу процесінде жаңа сөздер арасындағы байланысты белгілейді мысалы естілетін, айтылатын және көрінетін сөздер. Егер ауызша сөйлеу негізінде сөйлеуді қозғалтқыш, және сөз есту анализаторларының қызметі арқылы жүзеге асырылса, ал жазбаша сөйлеу Б. Г. Ананьевтің айтуынша, «есту моторлы емес, көріп-есту моторикасынан құралған» [6].

Жазбаша сөйлеу – ауызша сөйлеуді көріп қабылдау түрі. Жазбаша сөйлеуде ауызша сөйлеудің сөздерінің дыбыстық құрылымы белгілі бір графиктік белгілермен модельденеді-белгіленеді, дыбыстардың уақытша кезектілігі графиктік суреттерге, яғни әріптердің кеңістіктік кезектілігіне ауысады.

Хатты меңгеру сан түрлі операцияларды орындауды қажет етеді: жазушы адам өз ойын сөйлем түрінде жасау керек, бұл мақсатта сөздерді дәл таңдау, мәтіннің басқа бірліктерінің арасында әрбір сөйлемнің орнын болжау, таңдалған сөздерге дыбысытық талдау жасау, дыбыс пен әріпті сәйкестендіру, графика мен орфографияның ережелерін ескеру, қозғалу графиктік әрекеттерді орындау кеңістіктік бағдарлануды(жолдағы әріптердің бағыты мен орын ауысуын, олардың қосылуын және т.б) сақтау.

Дәптерге жазу қаламды дұрыс ұстауға және дәптерді дұрыс қоюға, бу-

ынды анық айтуға арналған жазба, және оны құрайтын элементтері яғни дыбыстық талдауды орындау, әрбір әріпті дыбыстап айту, буындағы әріптің санын есте ұстауы, әр графада элементтердің орналасуы және олардың қосылыстарын дұрыс атқаруды яғни сызғышпен өз хаттарын жолдан шығармауды талап етеді.

Бірде бір бала дұрыс жазуға және оқуға бірден үйреніп кетпейді. Барлық балалар біріншілік оқыту сатысынан өтеді және сол сатыда көп немесе аз қателіктерін көреді.

Мектепке дейінгі жастағы қалыпты сөйлейтін балалар керекті сөздік қорын, грамматикалық формаларды меңгереді, сөздің дыбыстық және морфемдық талдауын меңгеруге дайындалады. Өзінің хатын басқара алу үшін, бала жазылған жазбаларды оқуы керек, және керісінше хатты оқу барысында ол өзінің жазғандарын, немесе өзгенің жазғанын оқиды.

Жазу мен оқу бір бірімен тығыз байланысты болғандықтан, жазудың бұзылуы, оқудың бұзылуына әкеп соғады.

Жазбаша сөйлеу тілі сөйлеу тіл іс-әрекетінің күрделі түрі және көп деңгейлі үрдіс болып табылады. Оған түрлі анализаторлар қатысады: есту - сөйлеу, сөйлеу қимыл-қозғалысты, көру, жалпы қимыл-қозғалыс. Олардың арасында жазу үрдісі кезінде өзара шартталған тығыз байланыс орнайды. Жазбаша сөйлеу тілін меңгеру есту және дыбыс айту қасиетінің, көрінетін және жазылатын сөздің арасындағы жаңа байланысын орнату сипатынан тұрады, өйткені жазу үрдісі төрт анализаторлардың сөйлеу қимыл-қозғалысты, есту - сөйлеу, көру және жалпы қимыл-қозғалыстардың бірлескен жұмысымен қамтамасыздандырылады.

Жазбаша сөйлеу тілі – өте күрделі, жоғары деңгейде ұйымдасатын психикалық іс-әрекеті, ол ойды жазу арқылы белсенді жеткізе білуге мүмкіндік береді, сондай – ақ жазылғанды түсінеді. Жазбаша тіл арқылы қарым – қатынасқа түсу қажеттілігі әр түрлі өмірлік жағдайда жиі күнделікті өмірде кездеседі.

Жазудың бұзылуын белгілеуде, негізінде, дисграфия, аграфия, дизорфография, эволюциялық дисграфия (балладағы оқуды меңгеру үрдісінің бұзылуын белгілеуге) деген терминдер қолданылады.

Дисграфияның негізгі белгісі жазуда кездесетін тұрақты және қайталанып отыратын ерекше қателер болып табылады. Ондай қателерді төмендегідей топтастыруға болады: әріптерді алмастыру және шағастыру, сөздік дыбыстық, буындық құрамының бұзылуы, сөйлемде сөздердің бірге жазылуы, аграмматизмдер. Сонымен қатар дисграфияда сөзсіз функциялардың бұзылуының белгілері де байқалады.

Дисграфиясы бар балаларда көптеген жоғары қызметтерінің қалыптаспағандықтары белгіленеді: көріп талдау мен жинақтау, кеңістіктік түсініктері, сөйлеу тіліндегі дыбыстарды естіп – айтудың ажыратылуының,

буындық талдау мен жинақтау, сөйлемді сөздерге бөлу, сөздің лексико-грамматикалық реті, есте сақтауының, зейін саласының бұзылыстары.

Дұрыс жазу мен оқудың тілдік емес алғышарттарын қалыптастырудың әдістемесі

- Гностико-практикалық функцияларды қалыптастыру әдістемесі

Жаттығулар:

1) Үстелде білезіктермен кезекпен және бір уақытта еркін шапалақтау;

2) Екі қолмен бірге және кезектестіріп саусақтарды үстелде еркін ұру;

3) Фортепионада ойнау қимылына ұқсату;

4) Саусақтар арасын ашу және қосу (алақан үстелде);

5) «футбол» - бір, екі және т.с.с. қарындаштармен доптарды кіргізу;

6) 20 рет алақанмен жоғарыға саусақтарды жұдырыққа түю және ашу;

7) Қол білезіктерін айналдыру, қол білезіктерін ию.

8) Реципрокты сынама – жұдырық, алақан, екі қолмен қабырға; жұдырық – алақан, қолды кезектестіру.

9) Изографтарды құрастыруға тапсырмалар. Балаларға үлгі бойынша, әріптер және әріп элементтері бар, сөздерді құрастыру («бейнелеу»). Мысалы: әріптер 1) Т, Р, А, К, Т, О, Р 2) П, І, Л

- Көру гнозисін дамыту әдістемесі

Жаттығулар:

1) «Не жоқ?». Балалар есте сақтауы қажет 5-6 заттар, суреттер үстелге қойылады. Сосын олардың бірін білдіртпей алып тастайды. Балалар ненің жоқ екенін айтады.

2) Балалар 4-6 суреттерді есте сақтайды, сосын оларды басқа 8-10 сурет арасынан таңдап алады. Әріптер, цифрлар немесе фигураларды (3—5) есте сақтау, сосын оларды басқалары арасынан таңдап алу.

3) «Не өзгерді?». Логопед 4—6 суреттерді қояды, балалар олардың қойылу кезектілігін есте сақтайды. Сосын логопед олардың орнын білдіртпей ауыстырады. Оқушылар не өзгергенін айтып, олардың орнын бастапқысына өзгертулері керек;

4) әріптер, фигуралар, цифрларды бастапқы кезектілікте орналастыру;

5) басқа әріптер қатарынан әріпті табу, баспа және жазба түрдегі әріпті сәйкестендіру.

6) қосымша сызықтармен сызылған, әріптерді атау және жазу; дұрыс емес орналасқан әріптерді анықтау;

7) әріптер шекарасын сызу; жетіспейтін элементті қосу; бір-біріне қойылған әріптерді бөлу.

- Талдау мен жинақтауды қалыптастыру әдістемесі

Дыбыстық талдау мен жинақтау дағдыларын қалыптастыру заманауи логопедияда қабылданған кезекпен іске асады:

- 1) сөздерде бірінші дауысты дыбыстарды бөлу;
- 2) екі дауысты байланысты талдау мен жинақтау;
- 3) сөздердегі соңғы дауысты дыбысты анықтау;
- 4) сөздердегі алғашқы және соңғы дауысты дыбысты анықтау;
- 5) сөзде дыбыстың бар немесе жоғын анықтау;
- 6) сөздердегі алғашқы дауыссыз дыбысты анықтау;
- 7) сөздердегі соңғы дауыссыз дыбысты анықтау;
- 8) бірқұрамды сөздердің ортасындағы дауысты дыбысты анықтау;
- 9) үш дыбыстан тұратын бірқұрамды сөзді талдау;
- 10) сөздерде дауыссыз дыбыстың орнын анықтау;
- 11) сөздерде буындар санын анықтау;
- 12) екі ашық буыннан тұратын, екіқұрамды сөзді талдау.

- Сөйлеу-көру функцияларын дамыту әдістемесі

Әріптерді құрастыру білігін дамыту. Материал – баспа және жазба әріптердің элементтері. Логопед оқушыларға баспа әріп элементтерін, сосын – жазба әріптікін көрсетеді де, солардан әріп құрастыруын өтінеді.

Әріптік гнозисін дамыту. Материал – бір-біріне қойылған немесе қосымша сызықтармен штрихталған, жазба және баспа түрдегі әріптердің суреті. Ұсынылған карточкаларды мұқият қарап, қайсысында әріп жазылғанын айту ұсынылады.

Әріптерді бөлу білігін дамыту. Материал – таяқшалар мен жартылай сопақтан құрастырылған әріптер: П, Б, Ш, И, Г, Х, Я, Ф, Е, Р. Логопед элементтерден әріпті құрастырады, оны мұқият қарап, одан басқа әріп бөліп алуды ұсынады (мысалы, Н П, Б Ы).

- Ырғақты қабылдау мен жаңғыртуын дамыту әдістемесі

Ырғақты қабылдау мен жаңғыртуын дамыту мақсатында келесі жаттығулар түрі қолданылады.

а) Ырғақтық суретті есте сақтау мен жаңғырту білігін дамыту. Логопед оқушыны алақанды шапалақтағанын тыңдауды және белгілі бір үзілістен кейін дәл солай шапалақтауды ұсынады.

б) Ырғақтық суреттің көру сызбасын моторлы құрамды қосумен дыбыстыққа кодтау білігін дамыту. Сыналушыға ырғақтық суреттің сызбасы көрсетіледі (XX XXX, XXX XX, XX XX XX), оның шартты белгілері түсіндіріледі, кейін сәйкес ырғақты алақанмен шапалақтауды сұрайды.

- Көру, сөйлеу есту және сөйлеу қозғалыс есте сақтауын дамыту әлістемесі

Кіші мектеп жасындағыларда мнестикалық процесстерді дамыту бойынша жұмыста ақыл-ой әрекетінің қалыптасу кезектілігі ескеріледі. Алғашқы кезеңде заттық суреттерге, графикалық суреттерге сүйену іске асырылады. Кейін тапсырмалар жеке буындар мен сөздер материалында тек ауызша түрде жүргізіледі. Содан соң есте сақтау мақсатында ұзындығы және құрылымы бойынша әр түрлі жайылма сөйлемдер қолданылады.

Келесі тапсырмалар ұсынылады.

а) Фигураның түстік орналасу қатарын жаңғырту білігін дамыту. Материал - шетінде түрлі түсті алты тіктөртбұрыш пен сәйкес түсті квадраттары бар, куб. Оқушыларға кубтың шеті көрсетіледі. Сосын кубты алып тастайды да түрлі түсті квадраттардың түспен орналасуын айту ұсынылады.

б) Геометриялық фигуралар қатарын жаңғырту білігін дамыту. Материал - "толтырылған" суреттермен және геометриялық фигуралардың кескін суреттері (квадрат, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, сопақ, дөңгелек) бар карточкалар жинағы. Логопед геометриялық фигуралардың "толтырылған" кескін суреттер қатарын көрсетеді, сосын оларды алып тастап, көргенін геометриялық фигуралар арқылы көрсетуін сұрайды. Дәл солай геометриялық фигуралардың кескін суреттермен тапсырма жүргізіледі.

в) Әріптер қатарын жаңғырту. Материал – баспа және жазба әріптері бар карточкалар жинағы. Оқушы 5-7 баспа (жазба) әріптерді мұқият қарап, есте сақтау, сосын олардың кезектілігін жаңғыртуға тапсырма алады.

г) Сөздерді есте сақтау және жаңғырту білігін дамыту. Тілдік материал - сөздер: 1) балалар, шаналар, жүгіруші, құттықтады, суық; 2) әңгіме, өтті, түссіз, орамжапырақ; 3) жұлдыз, құяды, шынғыру, әдемі, саран. Оқушыға тыңдау және қайталау ұсынылады: а) сөздер; б) арасында алақанмен бір рет шапалақтау болатын сөздер; в) арасында алақанмен екі рет шапалақтау.


д) Сөйлемдерді есте сақтау мен жаңғырту білігін дамыту. Тілдік материал - сөйлемдер: Күн көкжиектен асты. Мен Нева даңғылында тұрамын. Жазда Байкал көлінде су суық. Логопед сөйлемдерді оқу барысында әр сөзден кейін алақанмен шапалақтайды, сосын оқушыдан сөйлемді қайталауын сұрайды.

е) Жедел қысқа мерзімді есте сақтауды дамыту. Тілдік материал – жаңылтпаш: Жағажайды жағалай, жүгіреді Қамажай. Оқушыға жаңылтпаш мәтінін тыңдап болған соң, 1, 3, 5 минуттан кейін жаңғырту ұсынылады.

- Оптико-кеңістіктік гнозис пен праксисті дамыту әдістемесі


Негізгі мақсат: көріп талдауы мен жинақтау дағдысын қалыптастыру, ерікті зейінді дамыту.

А. Суретке карап, есте сақта




Б. Суретке кара, заттарды ата





В. Кеңістікте бағдарланып үйренеміз. Негізгі мақсат: бағдарлану жүйесі жайлы түсінігін қалыптастыру: “үстінде – астында”, “алға – артқа”, “солға – оңға”.



ЖАЗБАША СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР 2 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТҮЗЕТУ ЖҰМЫСЫ

Жазбаша сөйлеу тілі – өте күрделі, жоғары деңгейде ұйымдасатын психикалық іс-әрекеті, ол ойды жазу арқылы белсенді жеткізе білуге, сондай – ақ жазылғанды түсінуге мүмкіндік береді. Жазбаша тіл арқылы қарым – қатынасқа түсу қажеттілігі әр түрлі өмірлік жағдайда жиі күнделікті өмірде кездеседі.

Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы бастауыш сынып оқушыларында басқа бұзылыстармен салыстарғанда кең таралған. Оқу бастала салысымен мұғалімдер кейбір оқушыларда жазуды меңгерудегі қиындықтары байқала бастайтынын айтады. Олар өз кезегінде тұрақты қателерге айналып, дисграфия деп аталуы мүмкін.

Жылдан жылға бастауыш сыныпта жазу бұзылыстары бар балалардың саны артуда.

Қ.Қ.Өмірбекова мен А.С.Тухышева [8] жалпы білім беретін мектеп оқушыларының, атап айтқанда 2- 4 сынып оқушыларының жазбаша сөйлеу тілінің жағдайына салыстырмалы зерттеу жүргізе келе мынандай қорытынды жасаған болатын:

- Сынып жоғарылаған сайын, қателердің жалпы санының азаю тенденциясы байқалды.

- Бастауыш сынып оқушыларында көп кездесетін қате түрлері: екінші сыныпта шатастыру, тастап кету, орнын алмастыру, артық әріпті, буынды қосып жазу, үшінші сыныпта шатастыру, тастап кету, орнын алмастыру, бөлек жазу, ал төртінші сыныпта шатастыру және тастап кету, бірге жазу, бөлек жазу қателері жиі кездескен.

- Бастауыш сынып оқушыларынан алынған үш жазбаша жұмыс (диктант, мазмұндама, көшіріп жазу) түрлерінің ішінде мазмұндама жұмысында қателердің басым түрде көп кездескенін байқаған.

З.А.Мовкебаева мен Г.Н.Ибдиминова өздерінің жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жалпы білім беретін мектептің бастауыш, соның ішінде 2-4 сынып оқушыларының жазбаша жұмыстарында ерекше қателердің кең ауқымда таралғандығын анықтады. Ал, бұл жағдай өз кезегінде жалпы білім беретін мектеп оқушыларының жазуындағы кездесетін ерекше қате түрлерін жою мақсатында логопедиялық жұмыстың қажет екенін нақтылай түседі.

Қ.Қ. Өмірбекова арнайы әдебиеттердегі деректерді және мақсатты жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелерін басшылыққа ала отырып жалпы білім беретін мектеп жағдайында бастауыш сынып оқушыларының жазбаша тілінің бұзылуын түзету, яғни «логопедиялық сүйемелдеу» жұмысын тиімді жүргізудің келесідей педагогикалық шарттарын анықтаған:

- 1) жазбаша тілдің бұзылуына бейім балаларды ерте анықтау;
- 2) қамтып оқыту барысында жеке-дара ықпал ету;
- 3) бастауыш сынып оқушыларының жазуға, оқуға қажет алғышартын дамыту;

- 4) жалпы білім беретін мектеп жағдайында түзету педагогикалық үрдісін кешенді сүйемелдеу;

- 5) оқу үрдісінде бастауыш сынып оқушыларының ынтасын, қызығушылығын, сенімділігін қалыптастыруға бағытталған әр түрлі әдістерді қолдану;

- 6) түзете – оқыту үрдісін ғылыми тұрғыда негізделген әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету;

- 7) түзету педагогикалық жұмыстың сапасын диагностикалау және мониторинг жүргізу .

Жазбаша сөйлеу тілінің алғышарттарын қалыптастыру орташа есеппен 6-7 жаста аяқталады. Алайда бұл жоғарыда айтылған баладағы психикалық функциялар мен үрдістер жетілген дегенді білдірмейді, бірақ олар оқуды бастау үшін жеткілікті екендігін көрсетеді. Жазудың психологиялық жүйесі жазу тәсілінен бірте-бірте жазбаша сөйлеу тілін қалыптастыру, ойын жазбаша жеткізу жағына өзгертін болады.

Қазіргі таңда дисграфияны түзету логопедияның ең өзекті міндеттерінің бірі болып табылады. Өз зерттеулерін логопедияның осы саласына арнаған ғалымдар - Р.И. Лалаева, В.А. Ковшиков, И.Н. Садовникова, И.Н. Ефименкова, Л.Г. Милостивейко, А.Н. Корнев және т.б. түзету жұмыстарын дисграфияның түріне сәйкес жүргізу керек деп есептейді [1-7].

Бұл тарауда біз 2-сынып оқушыларының жазу процесінің қалыптаспауы мен оны меңгерудегі қиындықтарын анықтауға арналған диагностикалық тапсырмалар және түзетудің кейбір тәсілдерін ұсынып отырмыз. Ұсынылған тапсырмаларды 2 сынып оқушыларының жазу процесіндегі кемшіліктерді анықтауда және түзету жұмысында логопед маманы мен бастауыш сынып мұғалімі толық немесе жартылай қолдануына болады.

Орфографиялық ережелерді қолдануға байланысты емес қателердің болуы дисграфияның негізгі белгісі болып табылатыны белгілі. Бұл қателер тұрақты сипатқа ие, олардың пайда болуы баланың зерде дамуының бұзылыстарына және білім беру мекемесіне келу-келмеуіне байланысты емес.

Қалыпты жағдайда жазу процесі келесідей сөзге қатысы бар және сөзге

қатысы жоқ функциялардың жеткілікті деңгейде қалыптасуына байланысты:

- дыбыстарды естіп ажырату;
- дыбыстарды дұрыс айту;
- дыбыстық талдау және жинақтау;
- сөйлеу тілінің лексикалық- грамматикалық жағының қалыптасуы;
- көріп талдау мен жинақтау;
- кеңістік туралы түсініктері.

Бірінші сыныпқа балалардың кейбіреуі дайындықсыз келеді, олардың жазу мен оқуды өнімді меңгеруге қажетті функциялардың дамуындағы проблемалары байқалады.

Оқушының жазуы туралы толыққанды ақпарат алу үшін, диагностикалық жұмысқа диктант пен көшіріп жазумен қатар, басқа да тапсырмалар ұсынылуы қажет. Олар тілдік талдау мен жинақтау дағдыларының қалыптасу деңгейін және өткен оқу жылында мектеп бағдарламасын толық меңгеруін бағалау.

Бұл жұмыстан басқа оқушының үй тапсырмасын, сыныптағы, бақылау жұмыстарын орындауын бағалау қажет. Себебі, кейбір оқушылар аса таныс емес мұғалімді көргенде, күрделі тапсырманы орындау алдында қобалжиды, соның салдарынан өз мүмкіндіктерінен нашар орындап, қателер саны көбейіп кетуі мүмкін. Кейбір жағдайда керісінше, диктантты жақсы жазғанымен, балалар сөздерді буындарға бөле алмауы да, дыбыстық-әріптік талдау жасай алмауы да байқалады.

Логопед оқушылардың қателерін нақты ажырата білуі қажет. Екінші сыныпта орфографиялық және пунктуациялық қателерді санап, жұмысты нашар жазса да бәрін жіпке тізудің қажеті жоқ. Алайда, қателердің сипатын, түрін ескеруі керек. Ерекше назарын логопед оқушының парк бетінде бағдарлау білігіне, идеограммды — еріксіз жазуына (аты, тегі, мекен- жайы т.б.). Сонымен қоса, тіл бірліктерін ажыратуына (сөйлем, сөздер, үстеулер), дыбыстық талдау қателері (тастап кету, қосып жазу, сөздің құрамын жеңілдету, алмастырулар, контаминациялар), акустикалық-артикуляциялық ұқсастығы бойынша шатастыру (дауысты, дауыссыз қатаң, ұяң, үнді, ызың, ысқырық, сонор Р-Л, африкат), кинетикалық сипаты бойынша алмастыру, персеверация, антиципация, аграмматизм (сөзжасам, басқару).

Аталған қателер түрлеріне қарай мына процестерінің дамуына атауға болады:

- психикалық және фонематикалық процестердің жетілмеуі;
- сөйлеу тілінің лексикалық-грамматикалық жағының дамуына;
- көру және есту зейінінің, қабылдауы мен есте сақтауының бұзылуы;
- бір әрекет түрінен келесіге ауысудағы қиындықтар.

Қ.Қ.Өмірбекованың «Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы» әдістемелік

оқу құралында жазудың спецификалық қателері берілген, оны 2-сынып оқушыларының жазудың тексеруде ескерген жөн.

Төменде жалпы білім беретін мектептің 2-сынып оқушыларының жазу бұзылыстарын диагностикалауға қажетті тапсырмалар берілген.

Кейбір тапсырмалар (мысалы, диктант) оқу жылында алынған алынбағаны маңызды емес. Тәжірибе көрсеткендей – бұл жазуы бұзылған оқушылар оқу жылында жазған жазба жұмысты қайталап жазса да, дұрыс жазбайды екен.

Тапсырмалардың мақсаты – жазуды меңгеруіне кедергі болатын кез келген функцияның қалыптаспауын анықтау. Логопедтің басты міндетінің бірі, әрбір оқушының жазу бұзылысы негізінде жатқан механизмдерді дұрыс белгілеу. Оқытудың әдістері мен ұзақтылығы осыған байланысты болады.

Диагностикалық жұмыс оқу жылының басында және соңында жүргізілуі тиіс. Бұл жұмысты 2-4 сыныптарды жүргізілгені әбден дұрыс болады. Екінші сынып оқушыларының үлгерімі жөнінде нақты ақпарат алу үшін, диагностиканы 1-сыныптың соңында жүргізу қажет.

Әр бір жұмыс бір оқу сабағына есептелген (40 минут).

Жалпы білім беретін мектептің 2 сынып оқушыларындағы дисграфияны түзету мақсатында, зерттеу барысында алынған нәтижелерді талдап, қорытындылай келе, біз аталған балалармен түзете-тәрбиелеу үрдісіне қатысушы мамандарға келесідей ұсыныстар беріп отырмыз:

Жалпы білім беретін мектептің 2-сынып мұғалімі және логопед мамандарына арналған ұсыныстар

Логопед мамандарға

Екінші сынып оқушыларының жазу бұзылыстарын анықтауға арналған логопедиялық диагностикалық жұмыс (оқу жылының басы)

№1 Тапсырма

Ұсынылған әріптерден сөз құра:

ТАУАС

№2 Тапсырма

Айтқан сөздерді бағанға тізіп жаз:

шана

орман

тырна

өлке

Сөздерде қанша дыбыс және қанша әріп? Әр сөздің жанына жазып қой.

№3 Тапсырма

ОРАМАЛІ сөзіне дыбыстық талдау жаса.

№4 Тапсырма

Сөздерді тында және тек көліктердің атауын жаз:

Пойыз, алма, машина, мотоцикл, автобус, алмұрт, трамвай.

№5 Тапсырма

Орамал сөзіндегі екпінді белгіле, буындарға бөл.

№6 Тапсырма

Диктант: «Біздің отбасы»

Біздің отбасымыз үлкен. Отбасындағы ең үлкендері: әжем мен атам. Оларды біз қатты жақсы көреміз. Тағы отбасымызда анам, әкем, ағам, мен және қарындасым бар.

Екінші сынып оқушыларының жазу бұзылыстарын анықтауға арналған логопедиялық диагностикалық жұмыс (оқу жылының соңы)

№1 Тапсырма

Сөздерді тында және бағанға жаз:

шие

кылыш

жүгіру

бәйшешек

қарындаштар

№2 Тапсырма

Айтқан сөздерді тізіп жаз:

Сабақ, қолшатыр, оқушылар.

Оларды тік сызықпен буындарға бөл.

№3 Тапсырма

Сабақ, қолшатыр, оқушылар сөздерінің бірімен сөз тіркестерін құрастыр (зат есім+ оның белгісі).

№4 Тапсырма

Сөздердің дыбыстық сызбаларын сыз:

КЕМЕ, ЙОГУРТ.

№5 Тапсырма

Диктант: «Дүкен»

Арман, Айдос, Жандос, Дина, Дана бесеуі ата-аналарымен дүкенге келді. Олар ең бірінші мектепке керек құралдарды көрді. Арман сөмкелерді көріп келіп, оның ішінде жасыл сөмкені таңдады. Ал Айдос пен Жандос

қарындаш пен тасбояуларды қарады. Дина мен Дана сурет дәптер мен кітаптар алды.

Акустикалық дисграфияны түзетуге арналған тапсырмалар

1 Дыбыстарды ажырату

Мақсаты: фонематикалық қабылдауын дамыту; есту, көру, тактильді, қозғалыс анализаторларын жұмысқа қосу.

Дауыссыз дыбыстарды ажырату кезінде негізінен жұмысты мына кезектілік бойынша жүргізген дұрыс: есту, айту, ажырату, жазу.

- Буындарды айту кезінде қолдың қимылын қатар алып жүру керек. Мысалы:

- Логопед ША деп қолын жоғары көтереді, СА деп төмен түсіреді.

- Логопед балалармен бірге айтады және көрсетеді.

- Логопед айтады және көрсетеді, бала қайталайды.

- Логопед қолымен ғана көрсетеді және баладан қайталауды сұрайды.

- Логопед тек қол қимылын көрсетеді ал бала буындарды айтады және қолын қимылдатады.

- Логопед буындарды айтады, бала қолдың қимылын көрсетеді.

- Бала өзі айтады, өзі көрсетеді.

2 Дыбысталуды бойынша сөзді тап

Бала дыбыстарды айтқан кезде тілдің қалпын үйренгеннен кейін, карточкамен жұмыс жасалады. Бір карточка «+» белгісі, екіншісінде «-» белгісі бейнеленген болады. Дауыссыз дыбыстар басталатын сөздерді айтамыз бала тілдің орналасуына байланысты карточкаларды көрсетеді, яғни жоғарыда болса «+», төменде болса «-».

Ауызша жұмыстан кейін, баланың есінде қалған сөздерді жазып шығу ұсынылады.

3 Ерекше сөзді айт

Мақсаты: есту арқылы дыбыстарды ажыратуды үйрету; сөздерді дұрыс айтуды үйрету.

Велосипед – велосипед – фелосипед – велосипед

Фонтан – вонтан – фонтан – фонтан

Автобус – автобус - автобус - афтобус

4 Зейін қой

Мақсаты: сөздегі дыбыс санын анықтау дағдысын дамыту

Сипаттамасы: логопед допты лақтырып сөз айтады. Бала допты ұстап, сөзде қанша дыбыс барын айтады және сөзді жазады.

5 Сөздермен ойын

Мақсаты: жазбаша сөйлеу тіліне қатысатын барлық анализаторларды қосу; сөздерді дыбыстық және әріптік талдауды бекіту; дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйрету.

а) Сөзді шифрлап таста: дауыссыз дыбыстардың орнына сызықша қой, дауысты дыбыстар жаз: алма, сабын. Жауабы: а - - а, - а - ы -

ә) Сөзді тап. Балаға сөздің дауыссыз дыбыстары ғана жазылған сөздер беріледі: ш – н -, қ – с – қ. Жауабы: шана, қасық.

Содан кейін балаға сөздерді, сөйлемді дәл солай жазып шығу ұсынылады.

б) Берілген әріптерден сөз құрастыр. п, д, о (доп), н, а, й, а (айна, ай, ана) және т.б.

в) Берілген сөздің әр әрпіне сөз ойлап тап МЕКТЕП. Мысалы: мысық – мамыр, етік – есік, көз – көрпе, терезе – тасбақа, емен – ескек, парта – піл.

г) 3, 4, 5, 6 әріптен тұратын сөздерді жазып шық. Мысалы: ата, шыны, шаңғы, шағала

ғ) Жасырылған сөздерді тап, бір сөзбен ата:

е, т, т, ә, п, і, б, ә, т, і, қ, ш, к, е, і, п, и, ң, к, е, м, а (етік, тәпішке, бәтіңке, пима – аяқ-киім)

т, а, е, ш, т, ң, е, ң, к, ү, с, р, т, е (таңертең, түс, кеш – тәулік)

д) «Араб хаты». Сөздерді дәптер бетінің оң жағынан бастап жазу. Бірақ сөздерді қалыпты түрде оқылу керек. Қысқа сөздерден, сөйлемдерден бастаған жөн. Мысалы: тас, бал, ара, көл, төрт, кесе, арба. Жүр ойнап доп балалар (балалар доп ойнап жүр)

Тілдік талдау мен жинақтаудың бұзылуы салдарынан пайда болған дисграфияны түзетуге арналған тапсырмалар

Тілдік талдау мен жинақтауды түзету бойынша жұмыстар сөйлемдегі сөздің санын, кезектілігін және орнын анықтау дағдысын қалыптастыруға алып келді.

1 «Корректуралық түзету» жаттығуы

Бұл жаттығуға әріпі үлкен кітап қажет. Оқушы күнде бес минуттан көп емес уақыт жұмыс жасайды. Белгілі әріпті мәтіннен тауып сызып отырады. жаттығуды бір әріптен бастаған жөн, мысалы: «а», содан кейін «о», дауысты дыбыстардан кейін дауыссыз дыбыстар. 5-6 күннен кейін екі әріпке көшеміз, бір әріпті үстінен сызып, екіншісінің астынан сызу керек болады. Екі әріп жұп болуы қажет. Мысалы: «ү/ү», «с/з», «б/п», «в/ф» және т.б.

Кітапты бала оқымаған, таныс емес болғаны жөн.

2 «Дыбыстық талдау» жаттығуы (тапсырма сөзді алдын ала оқуынсыз жүргізіледі):

- сөзге қара;
- осы сөздің ортаңғы әрпіне қара (мысалы: ғ әрпі «сағат» сөзінде);
- ортаңғы әріптің оң жағы мен сол жағындағы әріптерді ата (сол жақта «а», оң жақта «а»);
- келесі әріптерді ата (сол жақта «с», оң жақта «т»);

- сөзді ата.

Осылай бес-он сөзбен жұмыс жасағаннан кейін сөздік диктант алу керек.

3 Үлгіге қара (әріпті көрсету, сөзді көрсету), есінде сақта, есінде сақтағанды:

- партаның бетіне саусақпен жаз;

- айтып бер;

- дәптерге жаз.

4 Суретке қарап белгілі сөз санына байланысты сөйлем құрау.

5 Сөйлемдегі сөздің орнын табу, сөзден белгілі дыбыстың орнын табу, сөзде қанша дауысты дыбыс, қанша дауыссыз дыбыс барын анықтау.

6 Мәтінді көшіріп жазу және бас әріп пен нүктенің астын сызу.

7 Сөзді буындарға бөл. Логопед балаға 2, 3, 4, 5, 6 буынды сөздерді айтады. Бала допты жерге ұріп сол сөзді буынға бөледі, содан кейін сөзді дәптерге жазады.

8 Суретте бейнеленген затты атап, буынға бөлу, сөздерді буын санына байланысты қатарға бөліп жазу.

Аграмматикалық дисграфияны түзетуге арналған тапсырмалар

1) Балаларды графикалық сызба бойынша сөйлем құрауға үйрету.

Мен дүкенге бардым.

— — — .

Әсеттің әжесі бауырсақ пісірді.

— — — — .

2) Сөйлемдегі қатені жөнде.

Бала тереземен допты сындырды.

Менің ағам кітаптан алған кітапхананы жоғалтып алды.

Саңырауқұлақтан кейін жаңбыр өседі.

Лақ қызға жем алып келді.

3) Сөз тіркестерін пайдаланып сөйлем құрату, жазғызу.

Тәтті алма, әдемі құлын, қызыл кілем

4) Берілген сөздерден сөйлем құрап жаз.

Назира, жеді, бойы, бутерброд, жол.

Нан, қойылады, алдымен, дастарқанға.

Үшінші, біз, асханаға, кейін, ішуге, сабақтан, барамыз, тамақ.

5) Сызба бойынша сөйлем құра.

кім? → кіммен? → қайда? → не істеді?

(анасымен, келді, кафеге, Асет)

6) Жалғау мен жұрнақтарды қойып шық.

Көкөністер мен жемістер... жасалған тағам денсаулық... пайдалы. Себебі олар... құрамы... дәрумен көп.

7) Сурет бойынша әңгіме құрату.

Оптикалық дисграфияны түзетуге арналған тапсырмалар

1) Әріпті тап.

- әріптерге мұқият қарап шық, ұқсастықтар мен айырмашылықтарын тап;

- жасырылған «И» және «Й» әріптерін тап;

- сызылған әріптерді ата.

- дұрыс емес жазылған әріпті көрсет.

- әріпке жетіспей тұрған элементін жаз;

- таныс әріпті белгіле;

- «Й» әрпі жазылған текшелерді ғана боя;

- әріпті контур бойынша сызып шық.

2) Оптикалық дисграфияны түзету кезінде баланың пішін, түс, көлем ұғымдарын нақтылау жұмыстары жүргізіледі. Логопед түсі мен көлемі бойынша айырмашылығы бар геометриялық фигураларды көрсетеді (дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш), балаларға түсі, пішіні және көлемі бірдей, пішіні мен түсі бірдей, пішіні мен түсі бірдей емес фигураларды табу ұсынылады.

3) Әріпті есте сақтап таяқшалардан жасау.

4) Белгілі әріп қанша элементтен тұратынын жазып көрсету.

5) Көп нүктенің орнына «а-о» әріптерінің тиістісін қой. (...сп...н, ...т, ...р...к және т.б.).

6) Әріптер қатарын жалғастыр: у и у и и у и у и и

7) Сөздің құпия шифрын ашып, жаз: и – 2, ш – 3.

2не, 2нелік, Зана, Зыбын, 32е, ЗырЗа.

8) Берілген әріптердің ішінен И әрпін қызыл қарындашпен, ал Ц әрпін көк қарындашпен дөңгелетіп шық.

И Н Т Л Ш Щ Ц П Ц И О И Ц Ц И И
Ш Ц П Ц И У Ш Ч Щ Щ Ы Б Ш Ц Щ Э
Д Ш Л Щ Ц И Ц Ф Ж Н Ц Ш И К У Ы
Ц П И Е Р Ц Щ Ы И И И П Ш Н И Ц.

МҰҒАЛІМДЕРГЕ

Дисграфиясы бар балалар екі түрлі жазады: бірі өте майда және әдемі, екіншісі – үлкен, қисық, ұсқынсыз. Бұл жағдайда әдемілікке көңіл бөлудің қажеті жоқ, ол өз уақытында түзеледі.

Баланың жазуын қалай жөндеуге болады? Ол қарапайым. Белгілі уақыт ішінде (әдетте екі – үш апта жеткілікті) торкөз дәптерге күнде мәтіннің бір абзацы көшіріліп жазылады. Бала әр әріпті бір торкөзге сыйдырып жазады, әріп толықтай бір торкөзді алу керек. Осы жұмыс түрі арқылы баланың жазуы бірге – бірте түзеледі.

Дисграфиясы бара балалардың көріп есте сақтау дағдысы жақсы дамыған. Сол себепті балаға өзі жіберген қателерін түзетуге арналған жаттығулар жүргізбеген жөн. Ол балаға кері әсерін тигізуі мүмкін.

Дисграфияны түзетуге көмектесетін бірнеше жаттығулар:

1) *«Корректуралық түзету» жаттығуы*

Бұл жаттығуға шрифті үлкен кітап қажет. Оқушы күнде бес минуттан көп емес уақыт жұмыс жасайды. Белгілі әріпті мәтіннен тауып сызып отырады. жаттығуды бір әріптен бастаған жөн, мысалы: «а», содан кейін «о», дауысты дыбыстардан кейін дауыссыз дыбыстар. 5-6 күннен кейін екі әріпке көшеміз, бір әріпті үстінен сызып, екіншісінің астынан сызу керек болады. Екі әріп жұп болуы қажет. Мысалы: «ү/ұ», «с/з», «б/п», «в/ф» және т.б.

Кітапты бала оқымаған, таныс емес болғаны жөн.

2) *«Дауыстап жазамыз» жаттығуы*

Өте маңызды және басқа еш жаттығу оның орнын баса алмайды: әр жазған сөзді айтып жазады.

Мысалы: ҚыстыГүні аВтобуспен жүру өте қиын.

3) *«Қара және түсін» жаттығуы (пунктуация)*

Жұмысқа диктанттар жинағы керек. Мәтінді мұқият, зейін қойып оқып шық. Әр тыныс белігісіне назар аудар. Мұғалім тыныс белгілерінің орналасуын ауызша түсіндіріп береді. Осыдан кейін дәл осы мәтін бойынша мұғалім баладан диктант алады. Есте сақтауға байланысты бала тыныс белгілерін өз бетімен қойып шығады.

4) *«Өткізілген әріптер»*

Бұл жаттығу баланың зейінін және жазу дағдысындағы өз – өзіне деген сенімділігін дамытады.

К _ н ж _ л _ ед _ . Б _ л _ л _ р өзе _ ге ке _ ді. Бі _ а _ да _ соң қа _ ты
же _ тұ _ д _ . А _ па _ д _ б _ лт қ _ п _ ады. Сі _ кі _ еп ж _ у _ н жа _
ды. Б _ л _ л _ рдың ү _ ті с _ бо _ ды. О _ а _ аға _ тард _ ң ар _ сын _
т _ ғ _ лд _ . Ж _ у _ н б _ сы _ ды. К _ н ш _ кт _ . Б _ л _ л _ р қа _ та _ ан
өз _ нг _ ке _ д _ . Қа _ ма _ са _ д _ . Ба _ ық _ ст _ ды. Ке _ ке _ йге
қай _ ты.

Күн жылы еді. Балалар өзенге келді. Біраздан соң қатты жел тұрды. Аспанды бұлт қаптады. Сіркіреп жауын жауды. Балалардың үсті су болды. Олар ағаштардың арасына тығылды. Жауын басылды. Күн шықты. Балалар қайтадан өзенге келді. Қармақ салды. Балық ұстады. Кешке үйге қайтты.

5) *Кішігірім диктанттар жазғызу.*

Жазба жұмысында жіберілетін қателіктер

Екінші сыныпта қазақ тілі сабағында жазбаша жұмыс кезінде кездесетін қиындықтар баршылық. Әр мұғалім сабақ барысында оқушылармен сабақ үстінде әр түрлі жағдайда оңай жолдарын нақты шешімін табуға тырысады. Әр баланың дұрыс сауатты жазуына, есте сақтау қабілеттерін дамытып отырады. Әсіресе 1-4 сынып аралығында жазба жұмыс орындауда қиындықтар кездесіп жатады. Тіпті кейбір сәттерде жоғарғы сынып оқушыларының арасында да жазба жұмыстарынан қиналып жататындары бар. Сыныптағы оқушылардың барлығы бірдей сауатты жазады деуге болмайды. Жақсы оқитын оқушылар әрине қиындық туғыза қоймайды. Көбінесе нашар оқитын оқушылар немесе орыс тілді оқушылармен жұмыс жасауда қиындықтар туындайды. Біз осы қиындықтарды бірнеше тәсілмен шешуге тырысуды ұсынамыз.

Оқушының жазбаша тілін дамыту бастауыш сыныптан-ақ басталады. Тілді жаттығуларды жазбаша түрде орындау оқушыны жазбаша тілін дамытудың алғашқы шартты белгісінің бірі болып саналады.

Жаттығу жұмыстарын орындауда кездесетін қиындықтар 2-сынып оқушылары арасында кездеседі.

Жалпы қатемен жұмыс жасау үшін әр оқушының арнайы дәптері болу керек.

1) Сөздерді қате жазу. Басқа тілден енген сөздер немесе ю, я әріптері кездесетін сөздерді қате жазып жатады. Мысалы: фирма, щетка, элеватор т.б қоян, партия, энергия, қою, баю т.б

Қатемен жұмыс. Ондай кездерде сөздік жұмысын жиі жүргізу керек.

Қатемен жазылған сөздерді компьютер арқылы экраннан көрсетуге болады. Осы сөздер жиі қайталанып келетін қысқаша мәтінді оқытқызып дағдыландыруға болады.

2) Сөзді буынға дұрыс бөліп жазбауы.

Бастауыш сыныптан бастап сөзді буынға дұрыс бөлмеуден оқушы дағдыланып кетеді. Буын тақырыбын дұрыс меңгермеген оқушының оқу дағдысы төмен болады және сауатсыз жазады.

Буын тақырыбын бағдарлама бойынша өтіп қана қоймай, күнделікті әр сабақта қайталап, түрлі жұмыстарды жасатып отыру қажет.

Буынды дұрыс игермеген оқушы жазу жолына сыймайтын сөзді дұрыс тасымалдамайды немесе сөзді келесі жолға жаза салады. Тасымалдың буын жігінен болатынын білмегендіктен қателіктер көп кетеді. Мысалы: таби-ғат сөзін «таб-иғат» деп тасымалдап жаза салады. Бұл қателіктерді жою үшін мына жұмыс түрлерін жүргізуге болады.

Сөзді буынға дұрыс бөл. (сөзді буынға дұрыс бөліп жаздырту) та-би-ғат.

3) Тілдің нашар дамуынан дыбыстарды дұрыс айтпау.

«Ж» әрпін «з» т.б әріптерді бір-біріне ауыстырып жазатын оқушылар да кездесіп жағады. Ол үшін осы әріп кездесетін сөздерді жиі жаздырып, қайталап отырған абзал. Сонымен қатар әр сабақ сайын жаңылтпаш оқыту, жаттау, диктант түрлерін жазғызу керек.

Диктант түрлерін таңдау арқылы қатені түзетуге болады. Мысалы: терме диктант жүргізу, мәтін ішінен ж, з немесе ұ, у әріптері кездесетін сөздерді теріп жазу немесе есту, көру арқылы сөздерді атап отыру сияқты жұмыстар жүргізіледі. Осындай жұмыс түрлерін қайталап отыру арқылы дұрыс жазуы қалыптасады.

4) н, ң дыбыстарын бір-бірінен ажырата алмау белең алып кетті. Н,ң дыбыстарының жасалуында тілдің атқаратын қызметінің маңызын білмеуден болады. Бастауыш сыныптан бастап н,ң дыбыстарын ажырата алмайтын оқушылар көптеп кездеседі. Тіпті өте жақсы оқитын оқушылар арасынан да кездеседі. Оқушыға осы екі дыбыстың екі түрлі қызмет атқаратынын баса айтып түсіндіру қажет.

Қатемен жұмыс.

Шығармашылық диктант жұмыстарын жүргізіп отыру да пайдалы. Терме есту, көру, жазу диктант т.б. Сондай-ақ шағын тест жұмысы, сурет арқылы оқушының қызығушылығын танытады.

Жазу үстінде әр оқушыны мұғалімнің сөзді қалай айтып тұрғанына үйретіп алып, кейін келе дұрыс жазуға дағдыландыру қажет.

Үлестірмелі қағаз арқылы н, ң әріптерінің тиістісін тапқызу арқылы жұмыс жасатуға болады. Мысалы: кө...ілді, ма...ызды, са..., ә...ші, ты...шы.

Сонымен қатар сауатты жазу қабілеті әсіресе жазба жұмыстары кезінде жүзеге асырылады. Қазақ тілі сабағында күнделікті диктант түрлерін: сөздік диктант, көру, есте сақтау, теру, шығармашылық диктант жаздыру тиімді. Әр диктант түрлерін жазғаннан кейін кесте сызылған карточка таратылып, оқушылар өз қате жіберген сөзін жазып, жанына дұрыс жазылу түрін жазады. Бұл оқушының өз қатесін түзетуге және неліктен қате жібергенін, қай ережені дұрыс қолданбағанын саралап, келешекте қате жібермеуге тырысуына әсерін тигізеді. Сондай-ақ, оқушының тілін жазбаша түрде дамытуда мазмұндама мен шығарманың маңызы зор.

Мазмұндама - тіл дамытудың өте маңызды әдісі. Мазмұндама негізінен оқушының жазбаша тілін дамытуға, ойын мәтінге сүйеніп, өзінше жазбаша түрде білдіруге үйретеді. Мазмұндама жазуда кездесетін қиындықтар өте көп. Мазмұндама жазардан бұрын мынадай талап қойылады.

Біріншіден жоспар құра білуге, екіншіден тірек сөздерді пайдалана білуге, үшіншіден оқылған мәтін мазмұнынан немесе берілген сурет мазмұнынан ауытқымауға, төртіншіден артық сөздер қоспауға т.б

2-сыныпта осы дағдыларды үйренгеннен кейін жоғарғы сыныпқа көшкенде қиындықтар азаяды.

Шығарма - жазбаша тілді дамытудағы ең негізгі жұмыс түрі. Шығарма жазу оқушының шығармашылық ойын дамытуды, ойын өз сөзімен білдіру дағдысын қалаптастырады. Шығарма –оқушының өздік шығармашылық жұмысы. Шығарма жазуға оқушыны үйрету ұзақ уақыттағы жүйелі жұмысты керек етеді.

Шығарма тақырыбын таңдай алу, тақырыпты ашуға керек сөздерді білуі керек. Мұғалім оқушының сөздік қорын жақсы біледі, сондықтан оқушының сөздік қорында бар сөздерді қажет ететін тақырып таңдау керек. Шығарма жазу барысында да жоғарғы айтылған талаптар қойылады.

Шығарма жазбас бұрын оқушылармен таңдалған тақырып аясында шағын әңгіме жүргізіледі. Яғни оқушының ойын білу. Қазақ тілі сабағында алған білімдерін жазбаша сауатты көрсете білуде диктант жазуда кездесетін қиындықтар өте көп. Бұл жазба жұмысының алатын орны ерекше. Ол сабақ құрылымының 3 түрлі мақсатына сәйкес грамматикалық сауаттылығын тексеріп қана қоймай, есте сақтауын, көркем жазуын, ұқыптылығы мен өз - өзіне деген сенімін нығайтады. Әсіресе бақылау диктантында қатемен жұмыс жүргізудің маңызы зор.

Диктанттың негізгі мақсаты - оқушылардың теориялық білімін сынау, бағалау, оларды сауатты жазуға үйрету болса, қатемен жұмыс жүргізудің мақсаты - жіберілген қатемен сауатты жұмыс жасай отырып, келесі жолы қате болдырмаудың жолы болып табылады. Диктантты дұрыс, сауатты жазу үшін грамматиканы үйреніп, талдай білу жеткіліксіз, сонымен қатар көркем әдебиетті көп оқу керек.

Азат жолды қалай білу керек? Мұғалім мәтінді оқыған кезде мазмұнына мән бергізу керек. Мәтін не туралы неше бөліктен тұрады, әр бөлімде қандай ой айтылды деген сұрақтарды диктант мәтіні оқылғаннан кейін талдап алған дұрыс. Екінші сынып оқушыларын шығарма, мазмұндама жазуда өз бетімен азат жолды таба білуге үйрету керек. Тақтада әрдайым үлгі ретінде мәтін жазылған парақша іліп қоямыз.

Қазақ тілі пәнінен алынған жазба жұмыстардағы жіберілген қате бойынша саралау кестесі әрбір жазба жұмысынан кейін сараптамалық талдау негізінде жасалып, оқушымен деңгейлік тапсырмалар негізінде тікелей жұмыс жасауға ықпал етеді. Сондай - ақ жазба жұмыстарын бір - бірімен салыстыруға да мүмкіндік береді.

Қатемен жұмыс жүргізу жолдары:

- тексерілген жұмыспен оқушы танысып, қызыл сиямен көрсетілген сөзді жол басына ең әуелі қате түрін, содан кейін сызықша қою арқылы жол аяғына дейін қатесіз түрін жазу керек;

- қате жазылған немесе оқушыға таныс емес сөздерге қазақ тілінің түсіндірме сөздігін тақырып бойынша ережені еске түсіру, мысалдар келтірту; (сингармонизм заңы т.б);

- қате жазылған сөзге фонетикалық, лексикалық, морфологиялық талдау жасату;

- оқушылардың тасымал, тыныс белгі туралы білімдерін нақтылау, бағдар беру;

- диктант мәтініндегі тірек сөздерді тапқызып, сөйлем құрату;

- сабақты шығармашылықпен ұштастыра отырып, қате жіберілген сөздердің прозалық, поэзиялық шығармаларда қолданылуына назар аударту, нәтижелі болу үшін жатқа айтқызуға болады.

Бақылау диктанты және қатемен жұмыс

Бұл диктанттың мақсаты – оқушылардың грамматика тақырыптарын қандай дәрежеде меңгергенін және сауаттылық деңгейінің қандай болғанын анықтау. Бақылау диктантын жүргізу үшін мұғалім күні бұрын тапсырмалар беріп, жаттығу жұмыстарын жүргізеді. Қайталауға тиісті ережелерді көрсетіп, үйге өз беттерінше даярлануға үйге тапсырмалар береді. Олардың орындалу барысын үнемі қадағалап отырады. Түсініксіз немесе шала қабылданған материалдар сыныпта қайта талқыланылып, оқушы біліміндегі ақаулар түзетіледі. Мұндай дайындық жұмыстары бақылау диктантының сапалы өтуіне әсерін тигізеді. Бақылау диктантына арналған мәтін мүмкіндігінше мағыналық тұтастықта болғаны дұрыс. Диктант мына жүйеде жүргізіледі.

Мұғалім балаларды үзіліс кезінде жазылып қойылған диктант тақырыбымен таныстырады. Диктант мәтінін дауыстап бір рет оқып береді. Жазуда қандай ережелерді басшылыққа алу керектігі қысқаша ескертіледі. Әрбір сөйлемді мұғалім үш рет қана қайталап оқиды. Бірінші оқыған кезде оқушылар жеке сөздерді сөз тіркестерін немесе сөйлемді мұқият тыңдап, олардың мағынасын ұғып, жадында сақтау керектігі ескертіледі. Екінші рет оқыған кезде балалар сөйлемді жазуға кіріседі. Алғашқы сөйлемнің сөзді қайырымнан (абзац) басталатыны түсіндіріледі. Үшінші рет қайталағанда, олар жазған сөйлемнің дұрыстығын тексеріп, тыныс белгілерін қоюы тиіс.

Мұғалім балалардың тегіс жазып отыруын қадағалап, ең баяу жазатын аяқтасымен, келесі сөйлемді оқуға кіріседі. Дәл осы сөйлемде кездесетін жазылуы қиын сөздерді немесе ережесі өтілмеген сөздерді тақтаға жазып, оның жазылуына зер салуларын ескертеді. Тақтаға жазылған сөздер көп болса, бастауыш сынып оқушыларының жасерекшеліктеріне байланысты бір сөздің орнына екіншісін шатастырып көшіруі мүмкін.

Сондықтан сөйлемді оқушылар жазып бітісімен, тақтадағы сөздер өшіріліп тасталғаны дұрыс. Балалар жазған диктант мәтінін бір рет оқиды. Оқушылар мұғалімге ілесе отырып жазғандарын тексеріп шығады.

Қателерді түзетеді. Диктант мәтіндегі сөздері анық, бір қалыпты естілуі үшін мұғалім сыныпты аралап жүрмей, бір орында тұрып оқығаны дұрыс. Диктантты тексеріп, бағалау 2-3 күннен аспауы тиіс. Өйткені оқушылар өз жұмыстарының нәтижесін асыға күтеді. Әдетте бақылау жұмысында екі сағат бөлінеді. Бірінші сағатта диктант жазылса, екіншісінде қатемен жұмыс жүргізіледі.

Қатемен жұмыс. Бастауыш сынып оқушыларының жұмысында жиі кездесіп жүрген қателердің түрі негізінен мына төмендегідей болып келеді.

- 1) Әріптердің емлесін білмеуден (ы-і, ү-і, у-ю, і-у, ы-у, ы-у-ю, і-ю, п-б, н-ң, қ-ғ, м-н, т.б.);
- 2) Бас әріптің емлесін білмеуден (әсіресе жалқы есім мен жалпы есімді көп шатастырады);
- 3) Шылаулар мен септік жалғауларын ажырата алмаудан;
- 4) Сұраулық шылауларды соларға ұқсас жұрнақтармен шатастырудан (барма, бардың ба);
- 5) Қос сөздің, біріккен сөздің, қысқарған сөздің емлесін білмеуден;
- 6) Күрделі сын есім. Күрделі етістіктердің жазылу емлесін білмеуден;
- 7) Шылаудың қызметін және емлесін білуден;
- 8) Сөздерді дұрыс буынға бөлуді білмегендіктен, тасымалдай алмаудан;
- 9) Үндестік заңын білмеуден;
- 10) Қосарлы дауссыздардың бір сыңарын тастап жазудан;
- 11) Бастауыш пен баяндауштың арасына қойылатын сызықшадан;
- 12) Құрмалас сөйлемнің тыныс белгілерін білмеуден,
- 13) Диалогты сөздерді жаза білмеуден;
- 14) Қаратпа, қыстырма, одағайлардың тыныс белгілерінен.

Міне, жоғарыдағы қателіктер оқушылардың жазба жұмыстарында кездесіп отырады. Осы орын алып отырған олқылықтарды жою үшін көптеген жұмыс түрін жүргізуге тура келеді. Атап айтқанда, бастауыш сыныптардағы қазақ тілі бойынша мынадай жұмыс түрлерін жүргізуге болады:

1) Сауатты жазуды жолға қоюды ең алдымен қалам (не шарикті автоқалам), сияның бірыңғайлылығы, дәптердің ұқыпты, таза ұсталуы; әріп таңбасының сақталып жазылуы (каллиграфия).

Парақтың шегінен жиектеме қалдыру, қайырымнан, жаңа жолдан бастап жазу; тақырып атауынан кейін ешқандай тыныс белгісінің қойылмайтыны.

Тақырыптың жолдың ортасында жазылуы; қатені таңбалаудың белгілерін үйрету, дәптердің сыртын дұрыс толтыру – мұның бәрі мұғалімнің бірінші күннен бастап қолға алатын жұмысы болу керек.

2) Әрбір диктанттан соң оған жан- жақты талдау жүргізудің жолдарын белгілеп отырудың да маңызы зор.

Бұл жұмысты тіркеп отыруға мұғалімге арнаулы дәптер арнауға болады. (әрбір оқушыға бір – екі парақтан бөліп).

3) Жаттығу диктанттарын жиі әрі жүйелі жүргізу оқушылардың сауатын бекітіп , білімін тиянақтауға игі ықпал жасайды.

4) Жаңа сабақтың материалдары мен пысықтау жаттығуларында жазылуы қиын, оқушылардың көп қате жіберетін сөздерінен мысалдар келтіру де сауатты жазудың негізі болып табылады. Қатені көп жіберетін оқушылармен қосымша жұмыс түрлерін жүйелі жүргізу олардың біліміндегі олқылықты жоюдың ең тиімді жолы.

5) Жазылуы қиын сөздерден тірек сөздер беріп жүргізілетін шығармашылық жұмыстарды жүйелі жүргізу.

6) Жазылуы қиын сөздер мен тыныс белгілерін игертуге дидактикалық ойындардың нысаны етіп алуға да болады.

7) Фонетикалық талдауларды жүйелі жүргізу көптеген орфографиялық қатеден сақтандыруға әрі қатені жоюға көмектеседі.

8) Оқушыларға орфографиялық сөздікті пайдалану дағдыларын игерту қажет.

9) Қате жазылған сөздер бойынша жаттығулар өткізгенде, сөйлем ішіндегі ондай сөздерді түзетуді оқушылардың өзіне жүктеген дұрыс. Мұндай жаттығулар көбінесе бақылау диктантынан соң жүргізілсе, пайдалы болмақ.

10) Синтаксистік талдауларды жүйелі әрі жиі жүргізу сөйлемдегі тыныс белгілерін қоюға төселдіріп қана қоймай, сөйлемді стильдік жағынан дұрыс құра білуге де үйретеді.

11) Сөздердің орны ауыстырылып берілген жаттығулар да сөйлемді дұрыс құрып ой пікірді дұрыс бере білуге дағдыландыруда оқушыларды қайсы бір стильдік қателерден сақтандырады.

12) Диктантты тексергенде, қатенің астын ғана сызып, тұсындағы жиектемеде қате жіберген грамматикалық категорияның астын ғана жабу. (мысалы, қаратпа сөз, үндестік заңы, т.б. сияқты), ал түзетуді оқушылардың өзіне қалдыру; келе-келе қатенің таңбасын ғана белгілеп, түзетуді оқушылардың өздеріне тапсыру, қатемен жұмыс істеудің бір түріне жатады.

Оқушылардың диктант мәтіндерін тексерген кезде мұғалім орфографиялық, пунктуациялық қателерді түзету мына төмендегідей болып келеді:

1) Қате жіберілген сөздегі әріп артық болған жағдайда, ол көлденеңінен сызылып тасталады. Мысалы, ылақ , ырахмет.

2) Сөздегі әріп қатені сызып , оған қажетті әріпті үстіне жазу. Мысалы бүгүн, күлүн.

3) Тұтас сөздерді қателесіп бөлек жазылған кезде біріктіріп кесу . Мысалы, шек, аоа, құбақа, еш қашан.

4) Қате біріктіріп жазылған сөздердің ара жігін ажырату. Мысалы, жерде, көк те, аппақ. Бұл тексеру тәсілдерінің артықшылығы қате жіберілген оқушы неден, қате кеткенін бірден сезеді. Бірақ оны түзетуге ақыл ойын жұмсамайды.

5) Қатені түзетпей, астын ғана сызып көрсету. Мысалы, (ырыс, ойын).

6) Қате жіберілген сөзін түгелдей астын сызып көрсету. Мысалы, (ырыс, ойын).

7) Қате жіберілген сөздердің астын сызбай жиектемеге шартты қою. Мысалы, емле қате– 1, пунктуациялық қате - v, жаңа жол қатесі – z, бірге жазу– I, бөлек жазу– x, түсініксіз- ? белгілерімен көрсету.

8) Дәптердің жиектемесінде қате жазылған айтылуы ұқсас, емлесі басқаша сызықша сөздерді жазып көрсету. Мысалы, қазір жаз ба? Сен кітапқа жазба!

9) Диалект сөздерге байланысты қате кеткен сөздердің астын сызып талқылау кезінде бұл сөздің әдеби баламасын баланың өзіне не ұжым болып таптыру . Мысалы өткір бәкісі қолынан түсіп кетті (бәкі сөзі әдеби нормадағы пышақ сөзімен алмастырылады).

10) Қателердің астын сызып, жиектемелерге қате жіберген ережелерді қайталау тапсырылады. Мысалы, Асан мен Айдар мектепке келді. Жиектемеге мұғалім мынадай белгі қояды. Яғни, 12- ші тарауды оқып шық деген мағынаны білдіреді. (2 сынып). Оқушы бұл тарауды «Бас әріппен жазылған сөздер» тақырыбын тауып, ережені еске түсіреді. Қатесін жөндейді.

11) Сөзді сөздікке қарап анықтауда белгі қою. Қате кеткен сөздердің астын сызып, жиектемеге «сөздік» деп жазу. Бұл тәсіл арқылы оқушыларды сөздіктермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға болады.

Оқушылардың диктанттарда жіберген қателерін арнайы дәптерге жазып, жіктеудің мәні зор. Мұнда мұғалім әрбір оқушының фамилиясын жазып, оның жіберген қателерін тіркейді. Сол қателерді болдырмауға байланысты атқарылатын жұмыстар белгіленеді. Жаттығу жұмыстары сараланып, олармен жүргізілетін әдіс - тәсілдер анықталады. Диктантта жіберілген қателермен мынадай жұмыстар жүргізуге болады. Оқушылардың диктант жұмыстары бағаланғаннан кейін, дәптерлер таратылып, қателермен таныстырылады. Мұғалім оқушылардың көпшілігі қателескен сөздерді тақтаға дұрыстап жазып, мағынасын түсіндіреді. Бұдан соң осы сөзбен оқушылар мысалдар ойлап, сөйлемдер құрайды. Үйге қате жіберген сөздерін бірнеше рет көшіріп жазу тапсырылады. Оқушылардың диктант жұмыстарын бағалау.

Бірінші сыныпқа бақылау мәтінін таңдағанда, ондағы сөздердің айтылуы мен жазылуы, бір-бірінен алшақ болмағаны жөн. Егер I-IV сыныптар үшін алынған мәтінде әлі өтілмеген ережелер мен тыныс белгілері кездесетін болса, ондай сөздер тақтаға жазылады немесе түсіндірілуі керек. Бірінші сыныпта жыл бойы екі – үш баспа әріппен жазба әріп, екі – үш буын, екі – үш сөз немесе екі – үш сөзден құралған сөйлем, оқу жылы аяғында диктант мәтіні 15 сөзден тұрады.

Ал, II сыныпта диктант пен көшіріп жазу үшін алынатын мәтін I тоқсанда -20-25; II тоқсанда -25-30; III тоқсанда -30-35; IV тоқсанда -35-40 сөз. Жалпы қорытынды бақылау жұмысы тоқсан және жарты жыла яғында немесе бағдарламаның негізгі бөлімдері аяқталғанда жүргізіледі. Бастауыш сыныптарында диктант жұмыстары былай бағаланады.

«5» деген баға қатесі жоқ, жазылуы анық таза каллиграфиялық талап бір – ақ жерінде бұзылған немесе қалдырып кеткен әріп толықтырып жазылған диктантқа қойылады. «4» деген баға оқушының жіберген орфографиялық қатесі екіден аспаған, 2 пунктуациялық, 1 орфографиялық немесе 2 пунктуациялық, 5 орфографиялық 1 пунктуациялық қатеге қойылады.

Жұмыс ұқыпсыз, немесе каллиграфиялық елеулі қателер жіберіліп жазылған, түзетулері бірден аспаған жағдайда қойылады. «3» деген 3-тен 5-ке дейін орфографиялық қатесі (фонетика - графикалық) болған немесе ол қателер мына варианттарда кездескен жағдайда: а) 3 орфографиялық, 2-3 пунктуациялық; ә) 4 орфографиялық, 2 пунктуациялық; б) 5 орфографиялық, 1 пунктуациялық қатеге қойылады. Жұмыс өте ұқыпсыз, кір немесе каллиграфиялық елеулі қателер жіберіліп жазылған, түзетулері бірден аспаған жағдайда қойылады. «2» деген баға мынадай жағдайда қойылады:

Егер диктанттың орфографиялық қатесі 5-7- ге дейін жұмыс ұқыпсыз, сөздер мен әріптер ауыстырылып жазылса, программа көлеміндегі тыныс белгілері қойылмаса немесе бағдарламада көрсетіліп берілген сөздердің жазылуынан қате жіберілсе. Диктантта жіберілген мынадай қателер есепке алынбайды: а) жіберілген қателердің ережелері оқылмаған болса, ә) сөйлем соңында жеке жағдайда нүкте қойылмағаны мен келесі сөйлемнің бірінші сөз бас әріптен басталып жазылған болса: б) бір сөз мәтін мазмұнын бұзбайтын екінші сөзбен ауыстырылса. Диктантта бір қатеге есептеледі: а) егер орфографиялық немесе фонетикалық, графикалық жөнінде кездессе; ә) екі ұқсас жіберілген пунктуациялық қате; б) бір сөзден қате қайталанып кездессе; в) екі дөрекі емес қате бір қатеге есептеледі; г) бір әріптің қайталанып жазылуы тасымал кезінде сөздің бұрынғы жолда бар бөлшегі жаңа жолда қайталанып кездесуі, сөйлем ішінде бір сөз екі рет қайталанып жазылуы.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІНІҢ 3 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЗБАША СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ БҰЗЫЛЫСТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жазбаша тіл алғаш рет арнайы психологиялық зерттеу пәні ретінде Л.С. Выготскийдің еңбектерінде орын алған. Жазбаша тілді жоғары психологиялық дамуымен ұштастырып, жазбаша тілді өзіндік психологиялық құрылымы бар деп айтқан. Оның ерекшелігі пікір алмасатын адам болмаса да жеткізетін толық ашуға мүмкіндік болып басқа мотивтерге ие болуында және ауыз екі тілмен ішкі тілге қарағанда шарттылығы мен саналығында.

Жазу сөз функциясының белгісі, графикалық элементтер арқылы керекті информацияны ара қашықтыққа жеткізу және уақыттылы бекіту. Кез келген жазу жүйесі үнемі белгілердің құрамымен сипатталады.

Жазбаша тіл–барлық сауатты адамдардың қарым–қатынасының жалпы әмбебапты формасы, басқа адамдарға өз ойын және сезімін жеткізу тәсілі.

Жазбаша тілді қолдану үшін біліктілік және дағды қатарын игеру керек. Жазбаша тілді меңгерудің алғашқы кезеңі жазу және оқу дағдыларын игеру, яғни сауаттылық. Сауаттылықты игеру–бұл балалардың психикалық функцияларының белгілі бір деңгейін талап ететін ақыл–ойдың күрделі әрекеті. Жазу сөйлеу тіл әрекетінің күрделі формасын құрайтын көп деңгейлі процесс. Сондықтан, ондағы әр түрлі жағдайларға, мақсатқа, айтушы яки жазушының көңіл-күйіне қарай, әр сөйлемнің құрылысында сөз қолданылуында ерекшеліктер болады.

Арнайы жүргізілген зерттеулер нәтижесінде келесідей бұзылыстар анықталды: акустикалық-артикуляциялық ұқсастығы бойынша жіберген қателер басқаларға қарағанда жиі кездесетіні байқалды. Оқушылардың жазбаша жұмыстарында келесі фонемалардың шатастыруы байқалды: ұ-ү, к-қ, г-к, ш-ж, с-ш, д-т, л-р, ө-ү, ө-о, і-ы, і-е, н-ң, и-й, т-к, з-с, з-ж, м-н-ң, қ-х, т.б.

Ал шатастыру түрлерінің арасында кинетикалық ұқсастығы бойынша жіберетін қателер саны акустикалық-артикуляциялық ұқсастығы бойынша жіберген қателерге қарағанда әліде қайда төмен болғанымен аз емес (16,6%). Кинетикалық ұқсастығы бойынша жіберетін қателер: о-а, б-д, д-а, п-т, п-г, р-п, н-қ, л-м, т.б.

Оптикалық ұқсастық бойынша шатастыру жазуда с-е, о-с, у-д-з, л-п, М-Ш, в-д, Э-э, е-э, и-м, І-У әріптерді ажырата алмауымен сипатталады. Бұндай қателер 3-ші сынып оқушыларында 23,1% кездессті.

Тексеру барысында шатастыруға байланысты қателер көбінесе ауызша сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балаларда (фонетикалық жетіспеушілігінің салдарынан дыбыс айтуы бұзылған) жиі кездесті.

Қателердің келесі тобы - әріптер мен буындарды тастап кету. Балалардың жазуында дауысты да, дауыссыз да әріптерді сөзде жазбай кетуі байқалады. Оқушылардың жұмыстарында сөздің соңғы әріпі немесе бірінші жиі жазылмай қалады.

Артық әріпті (буынды) қосып жазу оқушыларда сирек кездеседі - 1,3%. Сөзде әріптердің орнын алмастыру өте сирек байқалады (игуі - егуі; төлдетеді - төлдетеді; өседі - өседі; сиырырын - сиырын, т.б.). Мұндай қателер жазу кезіндегі сөзді іштен жәй айтып отырған кезде қосымша дыбыстар естілуінің салдарынан байқалады.

Әріптер мен буындарының орнын алмастыру балаларда сирек кездеседі (0,1-0,3%).

Сөйлем ішінде сөздерді бірге жазу немесе керісінше сөздерді бөлшектеп жазу дисграфияға тән қателердің ішінде жиі кездесетіні анықталды (8,1-10,1%). Дисграфиясы бар балалардың жазбаша жұмыстарын талдау барысында бұндай қателер барлық ерекше қателер санының 12,3% құрады (кибірбалалар, қаржатыр, қыс тау - қыстау, кей бір - кейбір, жол мен, ағаш тары; шана мен - шанамен, ағашараларында, т.б.).

Сонымен, зерттеу жұмысының барысында жалпы білім беру қазақ мектептің бастауыш сынып оқушыларының арасында дисграфиясы бар балалар жиі кездесетіні анықталды. Әр түрлі оқушылардың жазуында жіберген қателер саны алуан түрлі болды және жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуының ауырлығын бағалау критерийінің бірі болып есептелді.

Қазіргі таңда қазақ балаларының сөйлеу тіліндегі күрделі ақаулықтардың саны көбеюде. Бірақ бұл балаларға арналған жалпы білім беретін мектептерде логопедтер жоқтың қасы. Сонымен қатар түзету бағытына арналған әдістемелер аз. Ал, орыс тілінде көп болғанымен, біз оны қазақ балаларымен жұмыс барысында қолдана алмаймыз. Себебі, қазақ тіл фонетикалық, орфоэпиялық жағынан орыс тілінен ерекшеленеді. Сондықтан сөйлеу тіл ақаулықтарын жоюға және алдын алуға арналған арнайы әдістемелерді құруды талап етеді. Бұл қазіргі логопедияның негізгі міндеттерінің бірі болып саналады.

Сөйлеу қарым-қатынас қабілетін игеру адамға қатысты, әлеуметтік қатынастардың алғы шарттарын құрады, оның арқасында балада қоршаған орта ақиқаты туралы елестері қалыптасып, нақтыланады. Баланың сөйлеу тілін игеру, оның мінез құлқын реттеуге, жоспарлауға және сапалауға мүмкіндік береді. Сөйлеу қарым - қатынасына әр түрлі қызмет түрлерінің дамуына және олардың еңбектерге қатысуына қажетті жағдайлар ұйымдастырылады.

Бүгінгі таңда жазудың спецификалық бұзылыстарын заманауи кешенді (психологиялық–педагогикалық және нейропсихологиялық) диагностикалау мен түзету әдістемелерін құрастыру бүгінгі күннің талабы.

Оқушылардағы оқу мен жазудың бұзылу механизмдері көптеген жағдайда ұқсас болады, сондықтан логопедиялық-түзету жұмыстарының бағыттары бірдей келеді. Қазіргі кезеңдегі зерттеулерде [3,6] жазудағы және оқудағы ерекше қателердің тұрақты кездесуіне, жалпы жазу, оқу дағдыларының қалыптасуына олардың функционалды базистерінің әсері зор деп есептеледі, ерекше көңіл бөледі. Жазумен оқудың дағдыларының қалыптасуына қажетті алғы шарттарын дамытуға бағытталған жұмыс түрлерін қарастырайық.

Жалпы білім беретін мектептің оқушыларымен жүргізілген зерттеу нәтижелері көрсеткендей, оқушылардағы жазудағы ерекше қателердің және вербалды және вербалды емес психикалық қызметтерінің арасындағы жүйелі байланыстың болуы, кешенді түзетудің қажет екендігін көрсетті (психологиялық-педагогикалық және нейропсихологиялық). Бәрімізге белгілі логопедиялық түзету жұмысы тек қана оқушылардың жазуын түзетіп қана қоймай сонымен қатар оқушылардың жазбаша сөйлеу тілін және басқа да психикалық функцияларын түзетуге және дамытуға бағытталуы керек.

Жазудағы ерекше қателерді түзетуге және алдын алуға бағытталған логопедиялық жұмыстың мазмұны, принциптері және мақсат, міндеттерін қарастырайық.

Регуляторлы бұзылыстармен пайда болған дисграфияның алдын алуға бағытталған түзету жұмысы. Регуляторлы бұзылыстармен пайда болған дисграфияның алдын алуға бағытталған түзетудің мақсаты, жазуда ерекше қателері бар оқушылардың бұзылыстарын түзету және басқа функцияларын дамыту.

Зерттеу жұмыстары көрсеткендей, оқушылардағы регуляторлы қиыншылықтары төмендегідей жағдайлармен байланысты: біріншіден, қимыл-қозғалыстың сериялық ұйымдастырылуының бұзылысы, мануальды деңгейде ғана емес, сонымен бірге буындық құрылымы қиын сөздерді айтқандағы артикуляторлы қиыншылықтардың синтаксистік бұзылыстармен және іс-әрекетті қадағалау бұзылыстарынан болады.

Оқушылардың жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарын түзету бойынша логопедиялық жұмыс келесі теориялық ережелер мен принциптерге негізделеді:

- 1) жазу процессінің психофизиологиялық құрылымы туралы заманауи ғылыми-теориялық түсініктерін ескеру принципі (А.Р. Лурия бойынша).
- 2) жазу мен оқудың бұзылуының дәрежесін, тетіктері мен этиологиясын ескеру принципі;
- 3) сөйлеу дағдыларының кезеңмен қалыптасуын ескеру принципі (П.Я.Гальперин, А.Н.Леонтьев бойынша);

4) жазбаша сөйлеу тілінің дамуы мен танымдық процесстерінің, ойлау операцияларының (талдау, жинақтау, жалпылау, жіктелуі) өз ара байланысы. 5) іс-әрекеттік принцип (с учетом структуры деятельности А.Н. Леонтьев бойынша іс-әрекеттің құрылымын ескеру: мотивациялық-мақсатты – әрекеттік – бақылау кезеңі).

6) сараланған тәсіл принципі;

7) онтогенетикалық принцип (түзету жұмысының кезектілігі оның онтогенезде дамуының реттілігімен шартталады);

8) кешенді және жүйелілік принципі. Логопедиялық жұмыс жалпы сөйлеу тілі жүйесіне және психикалық функцияларын дамытуға бағытталған. Сонымен қатар, жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарын түзету жұмысында жалпы дидактикалық принциптер: көрнекілік, қол жетімдік принциптері ескеріледі.

Түзету жұмысының тиімділігі түрлі нысандары мен жұмыс әдістерін пайдалануына байланысты.

Түзете-дамыту жүйесін әдістері негізгі бұзушылықтарын жоюға, оқу мен жазуды меңгеруді қамтамасыз етуге ықпал ететін дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Әрбір әдісін пайдалану логопедиялық жұмыстың мақсаты, міндеттері, оның түзету процесінің жүйесіндегі жалпы орны анықтайды.

Негізгі әдістер:

- ерекше (қозғалыс-кинетикалық, есту, көру-кинетикалық);

- дидактикалық:

1) көрнекілік;

2) көрнекілікке негізделген сөздік әдістері;

3) көрнекілікке негізделмеген сөздік әдістері;

4) ойын сипаттағы практикалық әдістер.

Түзету жұмысы бірнеше кезеңнен тұрады. Мұғалім-логопед түзету жұмысына арналған материалдарды ұсыну кезектілігін өзі реттей алады..

I кезең. Фонетикалық деңгейдегі түзету жұмысы.

Дыбыс айту бұзылыстарын түзету. Сөздің дыбыстық талдау мен жинақтау дағдылары мен фонематикалық процесстерінің дамуының негізінде сөздің дыбыстық құрамы туралы толық түсініктерін қалыптастыру. Сөздің дыбыстық талдау мен жинақтау дағдыларын жаттықтыру процессінде дыбыстық жалпылау дағдыларын жетілдіру. Сөздің буындық-ырғақты құрылымын дамыту.

Дыбыстарды ажырату бойынша жұмыс келесі реттілікпен жүргізіледі:

- әр дыбыс жеке машықтандырылады: артикуляциясы, фонетикалық сипаттамасы, графикалық бейнесі анықталады, белгіленген дыбысы бар сөздердің фонетикалық талдау мен синтезі машықтандырылады;

- оппозициялық дыбыстар артикуляциясы, фонетикалық өңдеуі мен сөздегі мағналы ажыратушылық мәніне қатысты ажыратылады;

- буын, сөз деңгейіндегі жұмыс. Буын, сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер және мәтін деңгейіндегі жұмыс оппозициялық дыбыстарды саралаудың негізгі кезеңінде жүргізіледі.

II кезең. Лексикалық-грамматикалық деңгейдегі түзету жұмысы.

Балалардың сөздік қорында бар сөздердің мағынасын нақтылау; әртүрлі сөз таптарына жататын жаңа сөздерді жинақтау жолымен одан әрі сөздік қорын байыту.

III кезең. Синтаксистік деңгейдегі түзету жұмысы.

Сөйлеу тілінің грамматикалық ресімдеуін нақтылау, дамыту, жетілдіру, сөз тіркестерін, сөйлемде сөздерінің байланысын, әртүрлі синтаксистік конструкциялардың моделін меңгеру арқылы, байланыспен сөйлемдегі сөздердің, моделі, әр түрлі синтаксистік. Негізгі синтаксистік бірліктер: сөз тіркестер, сөйлем. Сөйлемнің грамматикалық өңдеуі. Байланыстырып сөйлеуін дамыту.

Сөйлеммен жұмыс істеу барысында:

- тұтас мәтіннен сөйлемдерді ажыратуға үйрету;
- сөйлемнің басында бас әріпті жазуды және соңында тыныс белгісін қоюды үйрету;
- басты және қосалқы мүшелерді ажырата білу;
- сөйлемдегі байланысты орнату дағдыларын қалыптастыру.

Сабақтарды жоспарлау процессінде баланың жеке тұлғалық ерекшеліктерін, сөйлеу тілінің даму деңгейін ескерген жөн. Тақырыптық жоспар және сағат саны балалардың жасына және бұзылыстың түрімен мен көруіне байланысты өзгеруі мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген оқушылардағы ерекшеліктерді ескере отырып, дисграфияны алдын алуға бағытталған түзету жұмысын ұйымдастыруда төмендегідей тапсырмалар беріледі:

Түзету жұмысының мақсаты оқушылардың жоспарлау және қолдың сериялық іс-әрекеттерін бірқалыпты орындау дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Барлық жаттығулар және тапсырмалар белгіленген ритм бойынша орындалады. Оқушылар тарапынан орындалатын бірнеше тапсырма түрлерін қарастырайық:

Тапсырма 1. Оқушыларға тақтаға жазылған графикалық ұқсас төрт (бес, алты) әріптерден құралған серияны көшіріп жазуын ұсынады. Бұл кезде оқушыларға әр қатардағы әріптер орындары бірдей емес екендігі түсіндіріледі. Оқушылар көшіріп жазуды іштерінен айтып отырып жазады.

иууи, ииуу, иуиу, ууии, уиуи, уиуи.

тптт, пттп, пптт, птпт, тптт.

лмлм, ллмм, ммлл, млмл, лммл, мллм.

Тапсырма 2. Оқушыларға берілген таңбалар бойынша соған сәйкес әріпті жазу ұсынылады.

Нұсқа-А. Оқушыларға → таңбасының орнына и әріпін ал ↓ таңбасының орнына у әріпін жазыңдар деген нұсқау беріледі.



Нұсқа-Ә. Кейіннен оқушыларға ↓ таңбасының орнына д ↑ әріпін, ал таңбасының орнына б әріпін жазып шығу ұсынылады.



Нұсқа-Б. Келесі тапсырма «2» санының орнына п әріпін, ал «3» санының орнына т әріпін жазыңдар.

2,3,2,3,3,3,2,2,3,2,3,2

**3 сынып оқушыларымен жүргізілетін
«Жазбаша сөйлеу тілін түзету» атты топтық логопедиялық
сабақтардың тақырыптық жоспар үлгісі**

Тақырыптар	1 жыл	
	Сабақ саны	Сағат саны
Диагностикалық блок		
Алғашқы диагностика	2	2
Аралық диагностика	1	1
Қорытынды диагностика	2	2
Дайындық блок	2	2
«дыбыс-әріп», «дауысты-дауыссыз дыбыс» ұғымдары. Тіл дыбыстары. Артикуляция мүшелері. Дауысты дыбыстар.	1	1
«дыбыс», «буын», «сөз» ұғымдарын нақтылау. Сөздерді буынға бөлу.	1	1
Зат есім. Жанды, жансыз заттар. Антонимдер.	1	1
Зат есім. Сан. Синонимдер	1	1
Етістік. Синонимдер	1	1
Етістік. Антонимдер. Сөзжасам.	1	1
Зат есім мен етістіктің айырмашылығы	1	1
Сөйлем (зат-іс әрекет, зат-іс әрекет-зат). Сөйлемнің грамматикалық құрылымы	2	2
Сөйлем. Интонация. Сөйлем соңындағы тыныс белгілері. Сөйлемнің шегі.	2	2
Сын есім. Сөзжасам.	1	1
Сын есім. Сан.	1	1
Сын есіммен сөйлемді кеңейту.	1	1
Предлоги.	3	3
Жіңішке және жуан дауыстыларды ажырату.	1	1
Дауыссыздардың жіңішке дауыстылар ықпалын жіңішке айтылуы	2	2
Сөздің соңында жіңішкелік белгісінің қойылуы	1	1
Сөздің ортасында жіңішкелік белгісінің қойылуы	1	1
Жіңішке дауыстылардың айтылуы. Сөзге дыбыстық және буындық талдау жасау.	1	1
Тасымал. Екпін.	1	1
Дауыссыз жұп дыбыстар. Сөз, сөйлем ішінде [б-п] дыбыстарын ажырату . Оқу	2	2

Сөз, сөйлем ішінде [в-ф] дыбыстарын ажырату . Оқу	2	2
Сөз, сөйлем ішінде [г-к] дыбыстарын ажырату . Оқу .	2	2
Сөз, сөйлем ішінде [д-т] дыбыстарын ажырату . Оқу.	1	1
Сөз, сөйлем ішінде [з-с] дыбыстарын ажырату . Оқу.	2	2
Сөз, сөйлем ішінде [ж-ш] дыбыстарын ажырату . Оқу.	1	1
Сөздің соңында тұратын ұяң және қатаң дыбыстар.	1	1
Түбірлес сөздер.	2	2
Сөз құрамы.	3	3
Безударные гласные в корне слова.	3	3
Сөз, сөйлем ішінде [с-ш] дыбыстарын ажырату.	2	2
Сөз, сөйлем ішінде [з-ж] дыбыстарын ажырату.	1	1
Сөз, сөйлем ішінде [с-ц] дыбыстарын ажырату.	2	2
Сөз, сөйлем ішінде [р-л] дыбыстарын ажырату.	1	1
Сөз, сөйлем ішінде [ш-щ] дыбыстарын ажырату.	2	2
Сөз, сөйлем ішінде [с'-ш] дыбыстарын ажырату .	2	2
Сөз, сөйлем ішінде [ч-щ] дыбыстарын ажырату	2	2
Сөз, сөйлем ішінде [ч-т'] дыбыстарын ажырату	2	2
Сөз, сөйлем ішінде [ц-т'] дыбыстарын ажырату	1	1
Жіңішкелік айырма белгісі. Сөзжасам.	2	2
Жазуы ұқсас әріптерді ажырату: а-о, у-и, б-д, н-п, п-т, и-ш, к-н, л-м, х-ж, ш-щ.	*	
Работа над рассказом цепной структуры.	1	1
Желісі екі сюжеттен құралған сурет бойынша әңгіме құрастыру. Мазмұндама.	1	1
Желісі үш сюжеттен құралған сурет бойынша әңгіме құрастыру. Мазмұндама.	1	1
Сипаттама әңгіме құрастыру.	1	1
Барлығы	72	72

4 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖАЗБАША СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ БҰЗЫЛЫСТАРЫН ТҮЗЕТУДІҢ ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Жазу тілі – ауызша сөйлеу тіліне қарама-қарсы, тілдің өмір сүруінің бір түрі. Тілдің өмір сүру кезеңіндегі соңғы уақытта пайда болған түрі. Жазу-бұл графикалық элементтердің көмегімен информацияны қашыққа жіберіп сөйлеу тілін белгілейтін таңбалар жүйесі. Яғни, жазбаша таңбалар жүйесі арқылы қатынас жасаудың ерекше түрі.

Сөйлеу тілінің бұзылуы және жазудың бұзылуы баланың таным іс-әрекетінің дамуына әсерін тигізеді. Ең бірінші болып жазудың бұзылуын сөйлеу тілінің жеке бұзылысы деп А. Куссмауль 1877 жылы көрсеткен. Одан кейін де бұл туралы көптеген жұмыстар, көз қарастар шыға бастады.

Жазудың бұзылуын психологтар, педагогтар, дефектологтар қарастыра бастады Ф.А. Рау, М. Е. Хватцев, Р. М. Боскис, Р. Е. Левина [9,10]. Сонымен қатар О.А. Токарева, Л.Ф. Спинова, Е.Ф. Соботович, Н.А. Никашина, Д.И. Орлова, Г.В. Чиркинаның бір қатар зерттеу жұмыстары бар [11]. Әсіресе И. Н. Садовникова мен Л.Н. Ефименконың зерттеулері қате түрлері туралы үлкен мағлұмат береді [5,7].

А. Р. Лурия «Очерки психофизиологии письма» атты жұмысында жазудың келесі операцияларын анықтайды.

Жазу түрткі, міндеттен басталады. Адам не үшін жазатынын біледі: мәліметті белгілі бір уақытқа сақтауға, басқа адамға жеткізуге, біреуді іс-әрекетке итермелеуге және т.б. Адам жазбаша айтып жеткізуді ауызша жо-спарлайды. Бастапқы ой белгілі сөйлем құрылымымен сәйкестендіріледі. Жазу үрдісі кезінде жазып отырған адам сөйлемді жазудың дұрыс реттілігін сақтап, не жазғанын, не жазатынына байланысты реттеп отыру керек.

Жазылатын әр сөйлем оны құрайтын сөздерге бөлінеді, өйткені жазуда әр сөздің шекаралары белгіленеді. Сөзді дұрыс жазу үшін, оның дыбыстық құрамын, кезектілігін және әр дыбыстың орнын анықтау қажет. Сөздің дыбыстық талдануы сөйлеу-есту және сөйлеу-қимыл-қозғалыс анализаторлардың біріккен іс-әрекеттері арқылы іске асыралады. Дыбыс сипаты мен олардың сөзде кезектілігін анықтауда дыбыс айту маңыздылығына көптеген зерттеулер куә. Л. К. Назарова бірінші сынып оқушыларына зерттеу жүргізген. ХІХ-ғ. 1896 жылдың өзінде-ақ В. Морган оқу мен жазудың бұзылысын он төрт жастағы интеллектісі қалыптағы баланың жағдайын сипаттады. Бұл бұзылысты В. Морган «орфографиялық дұрыс және қатесіз

байланыстырып оқи алмаушылықтан» деп анықтады. В. Моргоннан кейін басқа да авторлар (А. Куссмауль, О. Беркан) жазу бұзылысын сөйлеу тіл іс-әрекетінің бөлек бұзылыс деп қарастыра бастады.

Одан кейінгіде 1900 және 1907 жж. Д. Гиншельвуд интеллектісі қалыптағы балалардың оқу және жазу бұзылыстарының тағы бірнеше жағдайларын сипаттады. Ол ең бірінші оқу мен жазуды меңгерудің қиындығын «алексия» және «аграфия» деген терминдермен атап, олармен ауыр және жеңіл деңгейлерін белгіледі.

Ресей невропатологтарынан дисграфияны Р. А. Ткачев пен С. С. Мнухин зерттеген. Р.А.Ткачев меңгере алмаудың туа бітетінін анықтайды. Бала сауатты оқу барысында әріптерді, буындарды дұрыс атай алады да, оны есінде сақтай алмайды. Жеке буындардан көбіне аяққы буынды ғана есте сақтайды. Оны Р. А. Ткачев интеллектісі қалыпты жағдайдағы көру мен естудегі әріп бейнелерінің байланысының нашарлығынан дейді. Бұл бұзылыс тұқым қуалау факторымен сипатталады.

Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы бастауыш сынып оқушыларында басқа бұзылыстармен салыстарғанда кең таралған. Оқу бастала салысымен мұғалімдер кейбір оқушыларда жазуды меңгерудегі қиындықтары байқала бастайтынын айтады. Олар өз кезегінде тұрақты қателерге айналып, дисграфия деп аталуы мүмкін. Жылдан жылға бастауыш мектепте жазу бұзылыстары бар балалардың саны артауда. Ол туралы Л.Г. Парамонова айтады: «Жалпы білім беретін мектептің бастауыш сыныптарында жазу бұзылыстары бар оқушылардың саны 30% -ды құрайды. Жазу бұзылыстары туралы ілім 100 жылдан астам уақыт белгілі. Қазіргі кезде логопедияда жазу бұзылыстарының симптоматикасы, механизмі, осы бұзылыстың құрылымы жөніндегі мәселелері жеткілікті қарастырылып; түзетудің түрлі әдістері мен мазмұны, әдіснамалық негіздері құрастырылған [1-5,7].

Алайда, осы күнге дейін аталмыш бұзылыстарды диагностикалау, түзету мәселелері өзекті болып қалып отыр. Ол өз кезегінде жалпы білім беретін мектептердің оқушылары арасында жазу бұзылыстарының кеңінен таралуымен және оларды түзетудегі қиындықтармен байланысты.

Логопедияда дәстүрлі түрде тілдік талдау мен жинақтаудың үш түрі белгілі. Р.И. Лалаева былай дейді: «тілдік талдау мен жинақтау дегеніміз сөйлемдерді сөздерге талдау және сөйлемдегі сөздерді жинақтау; буындық талдау мен жинақтау; фонематикалық талдау мен жинақтау».

Тілдік талдау мен жинақтаудың қалыптаспауымен күрделенген қателер алуан түрлі, түзетуге қиын болып келеді. Сондықтан да, мектепке дейінгі уақытта және бастауыш сыныптарда балалардың тілдік талдау мен жинақтау дағдыларын қалыптастыруға көп көңіл бөлінуі тиіс.

Кейінгі он жылдықта жалпы мектеп оқушыларының жазуында кездесетін қате түрлері жайлы Р. Аязбаеваның еңбегінен табуға болады. Осындай

мәліметтер жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар оқушыларды қазақ тілін оқытып сауатты жазуға арналған әдістемелерін анықтауға және жетілдіруге өте қажет.

Балалардың дисграфиясы – бұл сөйлеу тілінің жүйелі жетілмеуінің және сөзсіз функцияларының белгісі болып, олар өз кезегінде бастауыш сыныптарда кездесетін жазуды меңгеру; сөйлеу білігі, дағдыларды меңгеру сияқты; жоғары сыныптарда қазақ тілін оқыту кезеңдерінде- морфология мен синтаксисті оқудағы қиындықтарға әкеледі. Соңғы уақытта дисграфия феноменіне логопедия, психология, нейропсихология салаларының зерттеушілері қызығушылық танытуда. Е.А. Логинованың мәліметтері бойынша, ғалымдардың осы мәселеге қызығушылығы көптеген факторларға байланысты: бірінші сынып оқушыларында жазуды меңгерудегі қиындықтары және олардың келешектегі уақытта тұрақты дисграфияға әкеліп соғуы; уақытылы алдын алу қажеттілігі, жазу бұзылыстарын толық диагностикалау мен тиімді түзету; дисграфияның күрделі механизмі мен пайда болу себептерінің алуан түрлілігі.

Қазіргі кезде И.Н. Садовникова бойынша - 28% , ал Л.Г. Парамонова бойынша - оқушылардың 30%-нда жау бұзылыстары байқалады екен. Бұл цифрлар арнайы логопедиялық, психологиялық-педагогикалық, қажеті бар жерде медициналықкөмек- жұмысты қажет ететін оқушылардың санының көптігі туралы айтады [7,12].

Жазудың тұрақты бұзылыстары зерде дамуы, көру мен есте сақтауы қалыпты; күнделікті өмірде байқалмайтын, бірақ орфография дағдыларын меңгеруде аса қиындықтар туғызатын жеке психикалық процестері қалыптаспаған балаларда да кездесуі мүмкін.

Аталған мәселе бойынша көптеген жылдар бойы жұмыс істеп келе жатқан авторлар [1-4,8,12]. Барлық аталған авторлар жазу бұзылыстарының ішінде кең таралған түрі - тілдік талдау мен жинақтау дағдыларының бұзылуы салдарынан болған дисграфия дейді.

Жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарының балаларда пайда болу себептері нақты А.Н. Корневтің еңбектерінде қарастырылған. Ол аталмыш бұзылыстар баланың ерте онтогенездегі дамуына патогендік факторлардың және микро- макроэлеуметтік жағдайлардың әсер етуінен болады деген. Өз кезегінде жазбаша сөйлеу тілі бұзылыстарының этиологиясында автор құбылыстардың үш тобын бөледі [1].

1 топ – конституционалды алғышарттар: бас ми жартышарлар қызметінің қалыптасуының жеке ерекшеліктері, баланың ата-анасында жазу бұзылыстарының болуы, туыстарының психикалық ауырулары.

2 топ – пренаталды, наталды және постнаталды даму кезеңдеріндегі зиянды әсерлермен күрделенген энцефалопатиялық бұзылыстар.

3 топ – элеуметтік және қоршаған ортадағы жағымсыз факторлар.

Зерттеу барысында оқушыларға диктант, мазмұндама, шығарма жұмыстарын жазғыздық. Диктант - латынның «дикто» деген сөзінен шыққан. Яғни «естіріп айту» деген мағынаны білдіреді. Диктант оқушылардың сауаттылығын арттырып, сөздік қорларын байытады. Диктантты жаздыру арқылы оқушының білімді қандай деңгейде игергендігін тексеруге болады. Диктант түрлері белгілі бір грамматикалық ережеге сай жүргізіледі. Ең алдымен ережені түсіндіріп алып, содан кейін ережеге сай диктант жазылады.

Мазмұндама – оқушының өз ана тілі мен әдебиетінен алған білімін тексерудің негізгі нысандарының бірі. Мазмұндама арқылы баланың өз ойын жүйелі баяндай білу қабілеті мен тіл байлығы, сауаттылық деңгейі айқын көрінеді. Мазмұндаманы бағалауда оқушы жұмысының мәтін мазмұны мен негізгі ойға сәйкестігі, тақырыптың толық ашылуы, баяндау жүйесі ескеріліп, сөздік қорының деңгейіне, сөйлем құрылысына, мәтіннің стильдік біртектілігіне, тіл шеберлігіне назар аударылады.

Мазмұндама мен шығармаға екі баға: біріншісі жұмыстың мазмұны мен көркемдік сапасы, тіл шұрайлығы үшін, ал екіншісі грамматикалық сауаттылығы үшін қойылады.

Шығарма – оқушының туған халқының әдебиетінен алған білімін өз ойымен, дүниетанымдық көзқарасымен еркін ұштастыра отырып баяндайтын шығармашылық тәл еңбегі. Оқушыдан көркем шығарманы өзіндік ой – пікірі, көзқарасы тұрғысында терең талдап пайымдауы, әсерлі, көркем тілмен жүйелі баяндауы талап етіледі.

Оқушы шығармасының құрылысы: тақырып, жоспар, эпиграф (мүмкіндігіне қарай, міндетті емес), кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдері, сонымен бірге материалға баяндау әдісі мен оның ретті жүйесі сияқты мәселелерден тұрады.

Тіл әдістемесімен шұғылданған Ә.Садуақасов та тіл дамыту үшін, «Оқу кітабының оқылып өткен материалдарынан үзінділерді көшіріп жаздыру, кішкене сөйлемдер және әңгімелер бойынша диктант жаздыру керек», - деген пікірде болған. Шығарманың анықтамасын беріп, оның көркем шығармадан айырмашылығын ашып көрсеткен белгілі әдіскер – С.Жиенбаев. «Шығарма деп – өз жанынан шығарып жазғанды айтамыз», - дейді ол. Ғ.Бегалиевтың еңбектерінде шығармалардың нақты көлемі мен жүйесі көрсетілмегенімен, оны жаздыру қажеттігі жөнінде мәселе көтереді. Ғ.Бегалиев шығарма мен мазмұндама жұмыстарына өзінен бұрынғы әдістемелік әдебиеттерде берілген анықтамаларды басшылыққа алып отырмағандықтан, бұл екі жұмыстың межесін ажыратпай, шығарманы мазмұндама және мазмұндаманы шығарма деп араластыра көрсеткенімен (мысалы, оқып шыққан мәнін үлгісімен оқушылардың ойларынан шығарып жазатын жұмыстарын мазмұндамаға жатқызады), шығарманы түрлендіре

жүргізудің кішкене балалардың тілін ұстартудағы маңызын айтқан бірден-бір әдіскер болды.

Шығарма жаздыру әдістемесін зерттеуші Е.Дайрабаев шығарма мен мазмұндаманың айырмашылығын айқын ашып көрсетті: «Шығарма дегеніміз – белгілі бір тақырып бойынша өз ойын жоспарлы түрде баяндау. Шығарма жазушы өзі туралы, өнер жөнінде, оқыған немесе талдаған әдеби туынды жайындағы ойларын баяндайды, тиісті тақырып бойынша мәтінді өзінше құрап, өзінше жазады» [13].

Зерттеуге 4 сынып оқушыларына жазудың түрлеріне байланысты әртүрлі тақырыптар, мәтіндер алынды.

- Көшіріп жазу. Жаттығу.
- Жат жазу «Ішек инфекциялары».
- Мазмұндама «Үш би».
- Шығарма «Елім менің – мақтанышым»

Ол тапсырмалар талапқа сәйкес алынып, тексерілді. Жазудың түрлеріне қарай қателердің түрлері бойынша пайыздық көрсеткіштері шығарылды. (кестеде ұсынылды). Жалпы қорыта келгенде мектеп оқушыларында жазудың қай түрі болмасын қателер кездеседі. Жалпы технология дегеніміз оқыту мақсатына осы жүйенің меңгерілуіне қалай жету керек деген сұраққа жауап береді. Технология – алдын ала жоспарланған жүйені жүйелі іске асыруға бағытталған іс-әрекеттердің барысы және оның нәтижесіндегі көрсеткіші екендігі белгілі.

Оқушылардың жазу жұмыстарын мұқият тексеріп отыру олардың сауаттылығын арттыруға көмектеседі.

Оқушылардың ана тілін еркін және дұрыс меңгеруі, сауатты жазуы жазба жұмыстарды үнемі түзетіп отыруға тығыз байланысты. Мұғалімдер оқушылардың орфографиялық қателерін түзеткенде мынадай негізгі шараларды қолдану керек:

- Мұғалім барлық қателерді түзетіп, соңғы өтілген негізгі тақырыптан кеткен қателерінің астын сызып көрсетуі керек.
- Орфографиялық қателерді түзету үшін орфографиялық шартты белгілерді қолдануы керек. Мұндай белгілер оқушыларға таныс болуы тиіс. Қателерді түзету, олардың астын сызу тек қана оқушылардың қателерін тізбектеу болып табылмайды, қайта әрбір қойылған шартты белгі немесе қатенің астын сызу оқушыға орфографиялық кемшіліктерді саналылықпен түзетуге көмек етеді. Бұл жұмыс оқушының жалпы білім дәрежесіне бақылау жасау мақсатын көздей жүргізілуі керек.
- Емлелік қателерді түзеткен кезде мұғалім әр оқушының психологиялық және жас ерекшеліктерін, олардың орфографиялық сауаттылық дәрежесін еске алуы қажет. Бұл жағдай қателерді түзетудің дұрыс тәсілдерін табуға көмектеседі.

- Емелік қателерді түзеткен кезде орфографиялық қатенің ерекшелігін еске алу керек.

- Педагогтың әрбір тексеруі оқушыға барлық жағынан әсер етуі тиіс. Түзетулер оқушының жіберген қателерін өзі сезетіндей дәрежеге жеткізілуі, оның іскерлігін, қабілеттілігін арттыруға көмектесуі тиіс.

-Педагогтың емелік қателерді түзетуі оқушыларға белгілі бағыт көрсететіндей болуы тиіс.

- Педагогтың емелік қателерді түзетуі оқушылардың орфографияны түсінуге деген белсенділігін арттыруы керек. Жұмыстың табысты болуы көп жағдайда осыған байланысты.

Мұғалім емелік қателерді түзетуде жеңілден ауырға, белгіліден белгісізге бірте-бірте өту принциптерін сақтауы керек. Қорыта келгенде, оқушылардың *емелік қателерін түзету тәсілдері*:

1 тәсіл. Сөздегі қатені сызып тастап, оған қажетті әріпті үстіне жазу. Мысалы: калхоз, енбек, сех, бүгүн, күлүн, мазмын.

2 тәсіл. Сөздегі артық әріпті немесе буындарды сызып тастау. Мысалы: ылақ, ыстанқия, минута, газета.

3 тәсіл. Қателесіп, біріктіріп жазылған сөзді бөлу. Мысалы: Еге білсең, уақытта, жерде, суда жетеді. Мұндай тәсілдердің кейбір артықшылығын атап көрсету керек. Біріншіден, емелік қателерді сызып тастау және қажетті әріпті үстіне жазу жолымен түзету тәсілі оқушылардың қателерін түзетудегі ең таңдаулы тәсілдердің бірі болып табылады. Екіншіден, бұл тәсілді қолданғанда оқушылар емелік қателерін бірден көреді. Келесіде осы сөздерді жазылуында қате жібермейтіндей есіне сақтайды, оның сипатын да тез біліп алады. Сөйтіп, оқушылардың емелік қателерді өз бетімен түзетулеріне мүмкіндік туады. Үшіншіден, бұл тәсілді қолдану арқылы оқушылар орфографияны түзетіп қана қоймайды, кей уақытта сөздің мазмұнын немесе сөйлемнің дұрыс еместігін де айқындайды.

4 тәсіл. Бүкіл қате морфеманың астын сызу. Мысалы: айтпайяк (айтпай-ақ), алтақ (алты-ақ), башшылық (басшылық).

Бұл тәсілдің басқа тәсілден айырмашылығы бар, мұнда оқушылар өздерінің емелік қателерінің дұрыс еместігін сөз тұлғасымен салыстырып, талдау жасаумен байланыстырады. Ал оқушы әсіресе сөз құрамын білмегендіктен көп қате жіберетіндігі мәлім, олай болса, бұл тәсілдің орфографияны меңгеру үшін зор маңызы бар. Екінші жағынан, бұл тәсіл оқушылардың грамматикалық талдау жасауды үйренуіне де көмектеседі. Мысалы, оқушы қате жазылған басшылық (башшылық) деген сөзді талдаған кезде, оған грамматикалық талдау жасап, сөз тұлғасына ажыратады. Сөйтіп, ол әлгі сөзді қате жазғанда, нені шатастырғанын саналы түрде түсіне білетін болады.

Мектеп тәжірибесінде бүкіл қате морфеманың астын сызу тәсілін —

мақсатқа ең қысқа жолмен жеткізетін таңдаулы тәсілдердің бірі деп білу керек.

5 тәсіл. Қатенің астын ғана сызып, үстіне қажетті әріпті жазу. Мысалы: сембеді (сенбеді), дәстір (дәстүр).

6 тәсіл. Қажетті әріпті үстінен жазбай-ақ, қате кеткен әріптің астын сызу. Мысалы: күлүн (құлын), мазмын (мазмұн), ақшыбар (ақшұбар).

7 тәсіл. Қате жіберілген сөздің астын түгелдей сызу. Мысалы: аты адам (атты адам), ойн (ойын), айлану (айналу), бұхара (бұқара), әжептәуір (әжептеуір). Мұғалім бұл тәсілді оқушы сөз не әріп тастап кеткен кезде немесе оларды артық жазған кезде қолданады.

8 тәсіл. Сөздердің астын сызбай-ақ, дәптерлердің шетіне шартты белгі қою. Бұл тәсілді 5-6 кластарда ғана қолданып қоймай, сонымен қатар төменгі кластарда да қате аз болған жағдайда қолдануға болады. Қойылатын шартты белгі оқушыларға түсінікті болуы керек. Көптеген мұғалімдердің бұл тәсілді қолданбайтындығын, оны балалар үшін қиын деп есептейтінін байқап жүрміз. Ал кейбір мұғалімдер мұндай белгі қою тәсілін қолданғанда, оны дұрыс қоймайды, сондықтан оқушылар ол белгілерді түсінбейді. Мұның өзі жұмысқа үлкен зиянын тигізеді. Бұл жерде ескеретін мәселе оқушылардың дәптерлеріне Педагогтың жасайтын түзетулері мен ескертулері Тұр жағынан балаларға айқын көрінетіндей қызыл не жасыл түсті сиямен жазылуы керек. Мәселен, емле қатесі үшін екі сызық (-), бірге жазылуға тиісті сөздерді айшықпен тізбектеу (II), бөлек жазылуға тиісті сөздерді теріс түсірілген (!) белгімен бөлу, түсініксіз сөздердің тұсына сұрау (?) қою т.б. осы сияқты шартты белгілерді пайдалануға болады.

9 тәсіл. Дәптердің шетіне қате кеткен айтылуы ұқсас, емлесі басқаша сөздерді жазып көрсету. Мысалы: Қазір жаз ба? Сен кітапқа жазба. Сен менің аяғымды баспа! Мынау бас па?

10 тәсіл. Дәптердің шетіне қате жазылған кейбір емлесі қиын, жазылуында әлі де болса тұрақтылық жоқ сөздерді жазып көрсету. Мысалы: нысап (ынсап емес), жирену (жиірену емес), жаздыгүні (жаздыкүні емес).

11 тәсіл. Жергілікті жердегі халық тілінің ерекшелігіне байланысты, солардың айтуынша жіберілген қатенің астын иректөп () сызып көрсету керек. Мысалы: мұрша (мұрса), дүз (жүз), Тұрмыш (Тұрмыс), одар (олар) т.б. Бұл тәсілдің мақсаты балаларды әдеби нормада сөйлеуге үйрету және әдеби көркем жазуға баулу болып табылады. Ол үшін дәптердің соңғы екі-үш беті қара қарындашпен ортасынан сызылып, екіге бөлінеді. Оның сол жағында жергілікті жердің халқы айтатын жергілікті сөз - диалект, ал оң жағына халықтың әдеби тіл нормасында айтылатын сөздер жазылуы керек. Бұл, біріншіден, халық тіліндегі түрлі ерекшеліктер мен айырмашылықтарды білудің өте маңызды жолы болып есептеледі.

12 тәсіл. Емлелік қателердің астын сызып, дәптердің шетіне қате

жіберген ережені оқушылардың өздері анықтауға көмектесетіндей сұрау қойылады. Мысалы: Ол бұрылған жоқ. Ар жағындағы біреуге беталды ашайлайды (қалай?). Асан алыс жол жүруге бет алды (не істейді?). Ол шалқасынан жығылды (қалай?). Ол шалқасынан өтіп барады (қайдан?).

13 тәсіл. Қате жазылған сөздің үстінен арнаулы белгі қою. Бұл — орфографиялық сөздіктен қажетті сөзді табу керектігін білдіреді. Мұндай арнаулы белгі мынандай болады; «сөздік».

Сонымен, жоғарыда көрсетілген тәсілдерді мұғалім іскерлікпен, орфографиялық қателердің сипатына, оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай пайдаланып жұмыс жүргізсе, сауатты жазуға үйрететіні сөзсіз.

Педагогтың бір ғана тәсілді пайдалануы жеткіліксіз. Ыңғайына қарай бір тәсілден екінші тәсілге бірте-бірте көшіп отырған жөн. Осылай еткенде ғана оқушыларды өз ісіне ұқыптылықпен қарауға үйрете алады.

Кеңістікте бағдарлауы зардап шеккен дисграфиясы бар балалардың моторлы актілерді орындау барысында каллиграфияның кемшіліктері анықталады, әріптері пропорционалды емес, дәптер жолдарын немесе тор көздерін есепке алмайды, әріп элементтері сәйкес келмейді, жазудың ырғағы мен қарқыны бұзылады.

Жазба жұмыстарында дыбыстық талдау мен синтездің дамымау салдарынан көптеген грамматикалық, орфографиялық қателер жіберіледі. Осы қателер тұрақты түрде кездеседі, өйткені бұрыс жазу ережелері балалардың жадысында әбден сақталып, жаңа, дұрыс емелелер қаланбайды, есте сақталынбайды.

Бағдарлаудың қарапайым функциялары бала өмірінің бірінші айларында дами бастайды. Олардың негізінде қозғалыс, көру, кинестетикалық сезімдердің тығыз байланысы жатыр. Бала үш жасқа дейін кезде симметриялық жақтарды шатастырады, оның басқарушы қолы қалыптаспайды, сондықтан кеңістік түсініктері мен елестердің жүйесінің меңгерілуі мүмкін емес.

Сөйлеу әрекеті арқылы балалардың кеңістікті қабылдауы жетіледі, жүйеге айналады. Сонымен, мектеп жасына дейінгі кезеңінде кеңістік туралы ұғымдары кеңейтіледі, дифференциация дәрежесі артып, кеңістікті қасиеттердің талдауы мен синтезі қалыптасады. Бақылау нәтижелері көрсеткендей, кеңістікте бағдарлаудың қателері төмендегідей болды:

- партада оқу құралдарының орналасуында;
- кітап пен дәптер жолдарының тар болуы;
- формасы ұқсас әріптердің алмастыруы;
- дәптерде паракта бағдарлана алмау;
- айналы қателер жіберу;
- әріптердің астыңғы мен үстіңгі жақтарын ауыстыру;
- цифрларды шатастыру;
- бағандарды симметриялық орналастыру қиыншылықтары;

- сурет салу ерекшеліктері;
- геометриялық элементтерді меңгеру ерекшеліктері.

Дисграфиясы бар балалардың кеңістікте бағдарлау кемшіліктерімен қоса уақыт ұғымдарын қабылдау мен меңгеру ерекшеліктері байқалады.

Оқу барысында балаларда уақыт бірліктерін, мерзімді, жасты үнемі қайталап, анықтау қажет. Қосымша уақыт, әрекет немесе мерзімдердің ауыспалығын және бірізділігін бақылап, дәлелдеу керек. Оған қоса балалардың сөздік қорын жаңа түсініктермен арттырып, өткенді қайталану жөн.

Зерттеулерге сүйенсек, сауатты жазу грамматикалық ережелерден ғана тұрмайды, балалардың оған дейін дамыған сөйлеу функциясының қалыптасуы дұрыс жалпылауларды тұжырымдауға мүмкіндік береді, кеңістікте бағдарлау мен кеңістік елестеулердің жеткілікті деңгейі дисграфияның пайда болуына мүмкіндік бермейді.

Логопедиялық көмектің тәжірибесі керсеткендей, дисграфиясы бар балалар оң және сол жақтың заттарын анықтай алмайды, өзінің және қарама-қарсы тұрған өзге адамның денесінің сызбаларын түсіне қоймайды, объектілердің кеңістіктегі орналасуын бағалай алмайды, заттар мен сандар ретінің бірізділігін ұқпайды, бағыттардың графикалық белгілерін (оңға, солға, астына — оңға) түсінбейді.

Дисграфиясы бар балаларды психикалық дамуында вербальді сөйлеудің жақсы дамуы көрнекі ойлау функциясының жеткіліксіздігімен, кеңістікте бағдарлау мен уақыт елестердің кемшіліктерімен сипатталады. Олардың көбі әріптерді құрылымдау барысында қателер жібереді. Талдау нәтижелері дисграфиясы бар балалардың әріптің графикалық құрылымын қалыптастыруда қиыншылықтарға тап болатыны көрсетті. Оқушылардың жазуындағы қателері әріптердің графикалық құрылымын саралауы, әріп элементтерінің кеңістікте орналасуы дамымаған.

Көру кеңістікті функцияларының ерекшеліктері дисграфиясы бар балаларда келесі қателермен сипатталады:

- символдың деңгейде оптикалық-кеңістіктік елестердің нақты болмауы;
- сенсорлы ақпараттың бүтін образға қосылмауы;
- жалпыланған қабылдаудың қалыптаспаушылығы;
- жазу операциясында моторлы бағдарламаның қалыптаспауы мен бұзылысы;
- жазу дағдыларын меңгергенде оптикалық-кеңістікті функцияларының қалыптасу мотивациясының жетілмеуі.

Кеңістікте бағдарлаудың неғұрлым дамыған дәрежесі деп балалардың күрделі лексикалық- грамматикалық құрылымдарын меңгеруін, заттардың кеңістікті қатынасын айтады.

Дисграфиясы бар балалардың танымдық саласының мүмкіндіктерін арттыру мақсатында түзету педагогикалық жұмыстың маңызды бөлігі кеңістікте бағдарлауды дамыту мен кеңістігі елестерді қалыптастыру болуы тиіс.

Дисграфиямен түзету-педагогикалық жұмыс барысында келесі қағидалар сақталуы керек:

- дисграфияны түзету технологиясында кеңістікте бағдарлауға көмектесетін, бағыттайтын тапсырмалар мен жаттығулар күн сайын қайталануы керек;

- ақпарат алгоритмді, нақты, қысқа да нұсқа болуы керек. Сонда оқушының зейінін ұзақ уақытты және тұрақты болуы ықтимал;

- мәліметті ойнату, иллюстрациялау мен көркемдеу керек: оқу тапсырмаларын қысқа (2–3 мин) және салыстырмалы жеңіл болғаны дұрыс;

- жазу дағдылары қалыптаспас бұрын балаларды оқуға үйретеді. Өйткені оқушыда сөздің кешенді көру дыбыстық образы болмаса, жазу, әсіресе жат жазу мен өздігінен шығарма жазу қажет деген деңгейде қалыптаспайды;

- образдар жүйесін қалыптастыру жұмысы дыбыстардың меңгерілуінен басталып, әріптердің графикалық емлесіне көшу керек;

- сауатты жазу, шапшаң оқу болмайынша, дамымайды. Сондықтан жазу дағдылары сөздің дұрыс қалыптасқан есту — визуалды образдың, ойлау, есте сақтау негізінде қаланады;

- логопедиялық түзету сабақтарында әрекеттердің нақты алгоритмін құрастырып, оның графикалық көркемдеуін ұймдастыру жөн;

- жазу кемшіліктері бар балалардың мінез-құлығындағы ерекшеліктерін есепке ала, тәртіптердің бұзылыстары сияқты қасиеттерімен мінезделеді. Оқушыларда өз-өзін бақылау біліктілігін логопедиялық сабақтарда жоғары дәрежеде дамыту керек;

- логопедиялық жұмыстың нәтижелігі сабақты ойын түрінде өткізуге болады;

- қысқа мерзімді есте сақтаудан ұзақ мерзімді есте сақтау формасына материалды өткізу, яғни сабақты бекіту кезеңі, біркелкі алгоритмде жүргізу керек;

- балалардың зияткерлік белсенділігін дамыту үй тапсырмаларын беру арқылы жүзеге асырылады;

- логопедиялық түзету сабағы барысында оқушылардың шаршап-шалдығуын болдырмауға тырысу керек, ол ЖПФ жұмысын бәсеңдетеді, сондықтан релаксацияны уақытымен қолданғаны жөн;

- оқушылар тапсырманы орындаған кезде оны іштей қайта айтуы керек;

- логопед оқушылардың жақын даму аймағының потенциалды қабілеттіліктерін ескере отырып, түзету логопедиялық жұмысты тиімді ұйымдастырады;

- ұстаздар, сынып жетекшісі мен логопедтің, әсіресе ата-ананың біріккен мақсатты бағыты баланың танымдық саласының дамуын қамтамасыз ету керек.

Қорыта келгенде, сөйлеу дамуының артта қалуы біріншілік және екіншілік қатарлы себептерден туындайды. Олар сөйлеу формалары мен функциялардың дамуынан, сөздікті логикалық ойлаудан, оқу әрекетінің ерекшеліктерімен байланысты.

Жазу кемшіліктері бар балалардың дисграфиясын анықтау неғұрлым ерте уақытта басталғаны, оның түзету жұмысының мүмкіндіктерін соғұрлым тиімді болдырады.

Оқу мотивациясының арттыру мақсатында дисграфиясы бар балалардың кемшілік құрылымына сәйкес талдау жұмысын жасап, әрбір элементтерін жеке-жеке түзету педагогикалық шаралармен қамту керек.

Оқу әрекетін реттеу барысында, баланың тұлғалық психикалық ерекшеліктерінің пайда болуына жол бермеу, кеңістікте бағдарлау, кеңістік туралы ұғымдарды қалыптастыру, кеңістік елестерді дамыту ерекше бағыт алуы керек. Сонда ғана грамматикалық формаларды меңгере алмайтындар дисграфиясы бар балалар қатарына кірмей, жалпы сауатты жолға түсіп, тіл кемшіліктерінен бас тарта алады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі таңда сөйлеу тілі, соның ішінде жазбаша сөйлеу тілі Қазақстанда және шет елдерде логопедия, психология, психолінгвистика, педагогика, неврология, лингвистика салаларындағы көптеген зерттеулердің арқасында пәнаралық зерттеу объектісі болды.

Осы күнге дейін көптеген зерттеулердің жүргізілуіне қарамастан бұл салада зерттеулер жүргізудің өзектілігі бәсеңдеген емес.

Ақпарат ағымының ұдайы молаюы мен жаңаруына байланысты қоғамды ақпараттандыру кезеңінде оқу тәрбие үрдісіне, оның мазмұны, әдістері, ұйымдастыру формалары мен басқару түрлеріне сапалық тұрғыдан жаңа талаптар қойылуда. Сондықтан да, бастауыш сынып оқушыларының жазбаша сөйлеу тілі жағдайын бақылап, жазу бұзылыстарын, олардың этиологиясын зерттеу - логопедияның басты бағыттарының бірі.

Зерттеу жұмысының нәтижелерін талдай келе сәйкесінше қорытынды жасалды: бастауыш сынып оқушыларының қазақ тілі сабағында жазбаша жұмыс кезінде кездесетін қиындықтары баршылық. Әр баланың дұрыс сауатты жазбау себептерінің бірі қолдың ұсақ моторикасының қалпы, естіп есте сақтау, естіп қабылдау, көріп қабылдау, көріп есте сақтау, кеңістікте бағдарлау сияқты жазу процесстеріне қатысты қабілеттерінің жете дамымауы. Әсіресе 2 сынып оқушыларында жазба жұмыс орындауда қиындықтар кездесті.

Зерттеу нәтижесінде алынған мәліметтерді ескере отырып екінші-төртінші сынып оқушыларының жазбаша сөйлеу тілін түзету жолдары белгіленді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

- 1 Корнев А.Н. Нарушение чтения и письма у детей. – СПб., 1997.
- 2 Лалаева Р.И. Логопедическая работа в коррекционных классах. – М., 2001.
- 3 Лалаева Р.И., Серебрякова Н.В., Зорина С.В. Нарушения речи и их коррекция у детей с задержкой психического развития. – М., 2004.
- 4 Лалаева Р.И., Венедиктова Л.В. Диагностика и коррекция нарушений чтения и письма у младших школьников. – СПб., 2004.
- 5 Ефименкова Л.Н., Садовникова И.Н. Исправление и предупреждение дисграфии у детей. – М.: Просвещение, 1972.
- 6 Ананьев Б.Г. Анализ трудностей в процессе овладения детьми чтением и письмом // Изв. АПН РСФСР. -1959. - Вып. 70.
- 7 Садовникова И.Н. Нарушения письменной речи и их преодоление у младших школьников. — М.: Владос, 2007, — 256 с.
- 8 Өмірбекова Қ.Қ., Тухышева А.С. Жалпы білім беретін мектеп оқушыларының жазбаша сөйлеу тілінің жағдайы //Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы «Арнайы педагогика» сериясы «Ұлағат» баспасы.-№1.-44.-2016ж.- 38бет.
- 9 Рау Ф.Ф. Устная речь глухих .- М.: Педагогика, 1973. -302 с.
- 10 Боскис Р.М. Теоретическое обоснование специального обучения языку .- М.: Просвещение, 1968. - 311с.
- 11 Основы логопедической работы с детьми / Под ред. Г.В. Чиркиной. — М.: Аркти, 2002. — 240 с.
- 12 Парамонова Л.Г. Предупреждение и устранение дисграфии.- Спб.-2001.
- 13 Дайрабаев М. Шығарма жазу әдістемесі.- 1979.

Г.Н.Тулєбиева, Г.Б.Ибатова, Ж.Ж.Нурсеитова, С.Ж.Өмїрбек

Мектеп жасындағы жазбаша сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін түзету жұмысының ұйымдастыру-әдістемелік негіздері
әдістемелік нұсқаулықтар

Редакторы Г. Тулєбиева.

Техникалық редакторы Д. Тоқтарбекова.

Компьютерлік қалыптауы А. Қабанбаев.

Форматы 60x84\16. Қағазы офсеттік. 3,25 шартты баспа табақ.

ТП ҰҒПО, 050008, Алматы қаласы, Байзақов көшесі, 273 А,
тел\факс 394-45-17, 394-45-07.